

Орбұлақ шайқасының құпиясы



3-бет

Бір шаңырақ астында



4-бет

Ұлы Отан соғысындағы
Жеңіс күніне

8
күн қалды

Аудан ТЫНЫСЫ

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 37 (546) ЖҰМА, 1 мамыр 2015 жыл

1 МАМЫР - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ!

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Бір шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, қашан да ынтымақ, бірлік мәңгі жасай берсін!

«Бірлік бар жерде - тірлік бар» дейді біздің халық. Дана жұрт мұны тегіннен-тегін айта салмаса керек. Ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді.

Мереке құтты болсын!

Ізгі ниетпен:

Г.АҚУЛОВ, Бородулиха ауданының әкімі
У.МАИЖАНОВ, аудандық мәслихат хатшысы



ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ Н.НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXII СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

**Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр
Қымбатты отандастар!**
Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын.

Біз биылғы жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияладық. Бұл – Ассамблеяның мерейін асыру арқылы нығая түсетін Ел бірлігі жылы. Тарихи жылда біз Қазақстан халқының мызғымас бірлігі мен Ұлы Отанға мәңгілік сүйіспеншілігін ұлықтай түсеміз.

Қымбатты қазақстандықтар!
Бұл, біз солардың арқасында біздің еліміздің бүгінгі жетістіктерін мақтан тұтып отырған тұрақтылықтың, бірлескен еңбектің, даму мен достықтың 20 жылы. Ассамблеяның барлық мүшелеріне және барлық қазақстандықтарға алғыс айтамын! Ассамблея дәуірінің белесінде – күрделі де тағдыршең 1995 жылы дүниеге келді. Бүгінде Қазақстанның XX ғасырдың 90-шы

жылдарының басында қандай болғанын, неден бастауға тура келгенін қазіргі заман жастарының көзге елестетуі де қиын. Біз 15 одақтас республиканың ішінде соңғы орындарда болдық, деп айту мүлде ештеңе айтпағанмен бірдей. Ол кезде дүкендерде бірінші қажеттегі негізгі тауарлардың карточкамен сатылғаны аға буынның есінде. Мәселен, бір адамға айына бір ки-лодан аспайтын қант, 400 грамм май, 1 ондық жұмыртқа тиесілі болды. Сүт сатып алу үшін жұрт дүкендерде таңғы 5-6-дан бастап кезекке тұратын. Бір уақыттары тіпті бидайдан қомақты өнім алған біздің астықты республикамыздың өзінде нан қатаң нормаммен – бір қолға 1 бөлкеден берілді! Ал телевизор, тоңазытқыш немесе кір жуғыш машина алу құқығы кәсіпорындарда ұтыс түрінде ойна-тылды. Автомобильдер туралы ешкім армандаған да емес.

(жалғасы 2-ші бетте)

ЕЛБАСЫНЫҢ ЖЕҢІСІ – ОРТАҚ ЖЕҢІС!

Міне, көптен күткен кезектен тыс сайлау да болып өтті. Бұл сайлау Қазақстан халқының бірлігін, жасампаздығын әйгілеп, әлемдік қауымдастық алдында ел абыройын асырған іс болды. «Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді», - деп бабаларымыз айтқандай, қазақстандықтар «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» отырып, таңдау жасады. Сөйтіп, ел болашағын сенімді қолға тапсырды.



Сонымен, Қазақстан халқы алдағы бес жылға Президент ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты сайлады. Елбасымыздың сайлау қорытындысы бойынша 95,5 пайыз дауыс алуы – оған деген ел сенімін анық байқатады. Сондықтан осы сайлаудағы Елбасымыздың, «Нұр Отанның» жеңісін – барша халықтың жеңісі десе де болады.

Бұл жеңіске қуанбаған жан жоқ. Еліміздегі елдікті, бейбітшілік пен тыныштықты, бірлік пен ынтымақты уыздай ұйытып, халық игілігі үшін, жарқын болашақ үшін жан аямай еңбек етіп келе жатқан көреген басшымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл сайлауда жеңіп шығарына халық сенімді еді.

(жалғасы 2-ші бетте)

АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ



ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXII СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Басы 1-ші бетте)

Адамдар жұмыс істей жүріп айлап еңбекақыларын, зейнеткерлер зейнетақыларын ала алмайтын. Дәрі тапшылығы орасан зор болды. Операция қажет болған науқастар өз қажеттерін өздерімен бірге ала жүріп, дәрілерді сатып алатын. Бәрі де дәл осылай болды!

Міне, бұл сол уақыттағы экономиканың және адамдар өмірінің аянышты жағдайын кез келген цифр мен статистикадан өткірірек түрде нақтылы бейнелейді. Іс жүзінде біздің экономика орталығы Қазақстаннан тыс жерде болған аумақтық экономикалық кешендердің «шет аймағынан» тұрды. Мәселен, тас көмір қорының көптігінен Орталық Қазақстанды Донбасс пен Кузбасс-стан кейін «үшінші қазандық» деп атады. Ал сонымен бірге, үйлерде, кәсіпорындар мен мекемелерде, мектептер мен ауруханаларда көмірдің жоқтығынан жылу мен жарық болған жоқ.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бізді қорқытқан ең бір көңіл құлазытар болжамдардың бірі жаппай созылмалы кедейшілік, сол сияқты халықтың көпэтностығы болды. Ол кезде бұл үшін негіз де бар еді. Ел тұрғындарының төрттен үшті дерлігі кедейшілік шегінде тұрды. Бюджеттегілер – мұғалімдер, дәрігерлер, мәдениет қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер ауыр жағдайда болды. Көпшілігі сол кезде өздерінің тарихи Отандарына – Германияға, Грекияға, Израильге, Ресейге, бұрынғы Одақ республикаларына кету жөнінде шешім қабылдады. Бүкіл 90-шы жылдары Қазақстаннан 3 миллион 690 мың адам кетті. Елде 14 миллионнан сәл ғана астам азаматтар қалды. Бұл Қазақстанның еңбек және экономикалық әлеуетін әлсіретті.

Экономикалық коллапс елеулі саяси дағдарыс туындатты, этносаралық және әлеуметтік қарым-қатынастар шиеленісе түсті. Ол кезде этносаралық қақтығыстар негізінде кінәсіз адамдардың қаны төгілген көршілес Қырғызстанның Ош облысындағы, Ферганадағы, Бакудегі, Сумгаиттегі, Таулы Қарабақтағы, Кавказдағы, Приднестровьедегі, Балтық бойындағы оқиғалардан қорытынды шығарып, мәселеге шынайы көзқарас танытуға біздің кемеңгерлігіміз бен саяси ерік-жігеріміз жетті.

Әлемнің кейбір мемлекет және саяси көшбасшылары бізді түрлі пішіндерде өздерінің бір жағынан панисламизм, екінші жағынан пантюркизм идеясымен, үшінші жағынан батыстық өркениеттің «құндылықтарымен және артықшылықтарымен», еркіндікпен және демократиямен өзіне тартуға тырысты. Олардың қай-қайсысы да материалдық және саяси игіліктер, тіпті әскери қолдау көрсетуге де уәде бере отырып, бізді дәстүрлі одақтастарымыз бен әріптестерімізден бас тартуға көндіруге талпынды.

Республика таңдырын біздер, қазақстандықтар өз қолымызға алдық!

Сөйтіп, бүгінде бүкіл әлем құрметтейтін мемлекет құрдық. Біз оны өзіміздің бақытымыз үшін және бүгінгі, сондай-ақ, келешек ұрпақтың игілігі үшін жүзеге асырдық. Біз өзіміздің қиын тарихымыздан сабақ алуға тиіспіз. Ол этносаралық қатынастар тарихы сияқты маңызды мәселеге де қатысты. Оны мектептерде объективті және еш әсірелестен оқыту қажет. Біздің жастарымыз оны өзінің бес саусағындай білуі тиіс.

Өткен бүкіл XX ғасыр бойына Қазақстан аумағына көпэтносты халықтың қалыптасуының күрделі үдерісі жүрді.

Ғасырдың ең басында столыпиндік реформа кезеңіндегі шаруалардың қоныс аударуы барысында Қазақстанға Ресейден, Украина мен Беларусьтан 1 миллион 150 мың адам келді. Жиырма шақты жылдан соң, 30-шы жылдарғы ұжымдастыру кезінде бұрынғы КСРО-ның орталық аудандарынан Қазақстанға 250 мың мүліктері тәркіленген шаруалар келді. Дәл сол уақыттарда өнеркәсіп нысандарын салуға елдің барлық түкпірлерінен шамамен 1,2 миллион адам қоныс аударды.

Сталиндік режим кезіндегі әр жылдарда бүтіндей бір халықтар – 800 мыңға жуық немістер, 102 мың поляктар, 550 мың Солтүстік Кавказ халықтарының өкілдері, 18,5 мың Қиыр Шығыстағы корей отбасылары қоныс аударды. Оларды вагондардан ашық далаға әкеліп түсірді. Ол кезде мұнда тек қазақтар ғана тұратын. Сондықтан қабылдаған да солар болды.

Сөйтіп, өздері мұқтаждықта өмір сүріп жатқан қазақ отбасылары оларды өздерінің саман үйлерінде қабылдады. Біздің отбасымыз да үш баласы бар ерлі-зайыптарды қабылдады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын Барлық этностардың бір біріне және мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Ол күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді.

Өздеріңіздер білесіздер, сталиндік қуғын-сүргін жылдарында Қазақстанда АЛЖИР, КарЛАГ, СтепЛАГ, ДальЛАГ, ПесчанЛАГ, КамышЛАГ, ЖезказғанЛАГ, Ақтөбе, Петропавл, Кеңір және Өскемен лагерлері сияқты жүз мыңдаған тұтқындар қамалған 11 арнаулы лагерь құрылды. Бірақ босағаннан кейін олардың барлығы бірдей кетіп қалған жоқ.

Оның сыртында соғыс кезінде Қазақстан 350 мың эвакуацияланған халықты қабылдады. 50-ші жылдары тың игеруге тағы да 1,5 миллион адам келді. Түрлі жабық әскери нысандар шамамен 150 мың маман мен олардың отбасыларын қабылдады. Бүтіндей алғанда XX ғасырдың басынан Қазақстанға 5,6 миллион адам қоныс аударды. Ол кезде жергілікті халық шамамен 6 миллиондай адам болатын. Буларды тарихты білмейтіндер мен Қазақстан қашаннан осындай көпұлтты болған деп санауындар үшін айтып отырмын.

Екінші жағынан, сталиндік қылмыстық ұжымдастыру салдарынан 1,5 миллион қазақ аштықтан қырылды. Осыдан-ақ әлемде бірде-бір елдің, бірде-бір халықтың қазақ халқы сияқты демографиялық ахуалда мұндай күйреушілікті бастан кешпегенін және толық жоюылып кету қаупі туындамағанын түсінуге болады.

Біз тірі қалдық, топтаса білдік, қатыгезденген де жоқпыз, өшіккен де жоқпыз, XX ғасырдың қатаң қасіреті үшін ешқашан ешкімді кінәлаған да емеспіз. Біз төтеп бере білдік, сталинизмнің бүкіл кінәсіз құрбандарына көмектестік, өз төңірегімізге барлық этностар мен конфессияларды біріктіре отырып, өз тәуелсіздігімізге бейбіт жолмен қол жеткіздік. Бүгінде де біздің еліміз толеранттылық, келісім мен бір-біріне деген сенім негізінде алға қарай қадам басуда.

Өздеріңіз көріп отырғандай, біздің көпэтностығымызды саяси жүйе жасанды түрде жасап шығарды. Ол үшін өз ықтиярларынан тыс осы жерге келген адамдар кінәлі емес.

(жалғасы 3-ші бетте)

ЕЛБАСЫНЫҢ ЖЕҢІСІ – ОРТАҚ ЖЕҢІС!

(Басы 1-ші бетте)

Сол сенім ақталып, еліміздің түкпір-түкпірінде Елбасымыздың жеңісін ұлықтайтын іс-шаралар басталып та кетті.

27 сәуір күні аудан төріндегі Мәдениет үйінде «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының және Жастар орталығының ұйымдастыруымен «Елбасының жеңісі – ортақ жеңіс!» атты форум болып өтті. Форумға ауылдық-кенттік округ әкімдері, дербес бөлім басшылары, аудандағы қоғамдық бірлестіктер



өкілдері, шаруа қожалықтарының басшылары, кәсіпкерлер, әлеуметтік сала қызметкерлері, белсенді жастар және жалпы жұртшылық қатысты.

Қазақстан Республикасының Әнұраны ойналып, форум ашық деп жарияланған соң, жиналғандар алдында «Нұр Отан» партиясы аудандық қоғамдық штабының төрағасы Ерлан Әмірбекұлы Зәйтенов, «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәуле Тұрсынқызы Урашева, ҚР Президенттігінен үміткер Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты қолдау жөніндегі аудандық қоғамдық штабтың белсенді мүшесі Рамазан Әзімханұлы Құрманбаев, «Хуторянка» украин этномәдени

70 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы тойланып отырған биылғы мерейлі жылы Президент сайлауын өткізу де осы жылға зор маңыз үстегені, ал Н.Назарбаевтың жеңісі – ел жеңісі екені баса айтылды.

Форум барысында жастар өздерінің ұлтжандылықтарын көрсетіп, Елбасымызды қолдайтындықтарын әйгілеп, ұрандатып отырды. Жастардың «Алға, Қазақстан!», «Бір ел – бір тағдыр!», «Нұрлы жол – біздің жол!» сияқты жалынды ұрандары кімнің болса да патриоттық жігерін жанығаны сөзсіз.

Біздің еліміздегі бірлік пен береке, достық

пен татулық, тыныштық пен бейбітшілік әлі ұзақ уақыт бойы ел игілігі үшін қызмет етеді деп сеніммен айтуға болады. Ел тізгіні Нұрсұлтан Әбішұлы сияқты көреген басшының қолында тұрғанда осылай деп айтуға әбден негіз бар. Бұған форумға қатысқандар да анық көз жеткізіп қайтты.

Біз осындай тату-тәтті мемлекетте өмір сүріп

жатқанымызды мақтан тұтамыз! Бізде – бір мақсат, бір мүдде. Құндылықтарымыз да бір, мерекелеріміз де ортақ. Олай болса, «Алға, Қазақстан!» деп, Нұрсұлтан Әбішұлының сындарлы саясатын неге жалғастырмасқа. Тек татулық туы жығылмай, ел ішіндегі береке арта берсін!

А.ТЛЕУҒАЗИН



бірлестігінің жетекшісі Михаил Владимирович Ковальчуктер сөз сөйледі. Сөз сөйлеушілердің барлығы халықты сайлаудағы «Нұр Отан» партиясының, ұлт көшбасшысы – Н.Назарбаевтың жеңісімен құттықтады. Сөз арасында Қазақ хандығының 550 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 170 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің

ҚОҒАМ КЕЛБЕТІ

1 - МАМЫР МАҚСАТТАР БІРЛІГІ, РУХ БІРЛІГІ!!!

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXII СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Басы 2-ші бетте)

Олардың бәрі де бүгінде қазақстандық болып шықты. Біз бәрін біртұтас, топтасқан халыққа біріктіре алдық. Бұл бүгінде біздің басты артықшылығымыз. Біздің күшіміз де осында.

Тарихтың бұл беттерін әркезде де есте сақтап, Астананың, сол сияқты еліміздің басқа да қалаларының музейлеріндегі экспозицияларда біздің тарихымыздың маңызды сатысы ретінде бейнелеу қажет. Ол кезеңнің тоталитарлық машинасынан біздің бәріміз де зардап шектік.

Қазақстанда жыл сайын Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні атап өтіледі. Қазақстандық элита түгел дерлік қуғын-сүргінге ұшырады, жартысы атылды. Бүгінде біздің елімізде 17 конфессия өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүруде. Олардың ішіндегі неғұрлым ірілері – ислам, православие және протестантизм.

Біз де тарихи тұрғыда қалыптасқан ханафиттік ислам біркелкілігімен, төзімділігімен, ислам құндылықтарын көкейге қонымды пайымдауымен ерекшеленеді.

Біздің славян жұртының басым бөлігіне тән православие адамның ар-ожданы мен еңгелілік таңдауын, қайырымдылық пен мейірандық мәселелерін басты күн тәртібіне қояды. Соңғы жылдары Қазақстанда табысты және кәсіби еңбекті, ұқыптылық құндылықтары мен қайырымды өмірді ұйғаратын католицизмнің, протестанттық шіркеудің жолын ұстанушылардың өсуі байқалады. Біздің елімізде басқа конфессиялар да өздерінің діни қажеттіліктерін алаңсыз жүзеге асыру мүмкіндіктеріне ие. Әр діннің өз артықшылықтары бар. Олар әркезде де қазақстандықтарды біріктіреді, бейбітшілік пен келісім ісіне, қоғам мен экономиканы дамытуға, мемлекетті нығайтуға қызмет етеді. Қазақстандық біртектілік әр діннің озық рухани құндылықтары негізінде нығаяуы керек.

Сонымен бірге, Қазақстан зайырлы мемлекет болып қалуы тиіс. Әлемнің жаратылуы сондай, этностық, тілдік, діни және мәдени айырмашылықтар болжамды болашақта әркезде де бола бермек. Бірақ олар ажыратушы бөліктер емес, біріктіруші бастау болуы тиіс. Біздің жеріміз түрлі этностар мен діндердегі адамдардың аққан терімен молынан құнарланған. Біз бәріміз бірге қалалар мен поселкелерді салудамыз, астық өсірудеміз, индустрияны көтерудеміз, жолдар салудамыз, отбасын құрып, балаларды тәрбиелеудеміз. Біз табыстарға бірге қуанамыз және ең бір қиын сәттерде бір-бірімізге қолдау көрсетеміз.

Мысалға, Қазақстан халқы Ассамблеясының Қоры 5 жылдан бері Ана мен бала ұлттық орталығының онкогематология бөлімшесінің балаларына қолдау көрсетіп келеді. «Дусталық» өзбек этномәдени бірлестігі балалар үйлеріне азық-түлік жеткізіп, қарттар үйлері үшін «қайырымдылық керуенін» ұйымдастырады. Немістердің «Возрождение» ассоциациясы әлеуметтік стансалардың республикалық желісін құрып, мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсетуде.

Оларға орасан зор алғыс! Мұндай мысалдарды жүздеп келтіруге болады. Ассамблея тарихы – біздің тұрақтылығымыздың тарихы. Біз оны сақтауға тиіспіз. Оны біз әркезде де есте ұстап, қадірлеуіміз керек. Бұл халық зердесі үшін, адамдардың достығы мен өзара түсіністігі үшін, біздің балаларымыз бен немерелеріміз үшін ең басты мәселе.

Ассамблея Үкіметтің және бизнестің қолдауымен бүкіл ел бойынша барлық қайырымдылық акцияларының біріктіруші орталығына айналуы тиіс. Өзінің жоқшылықта, кедейшілікте болғанын есінен шығармаған адам дәулетке ие болғаннан кейін қиын жағдайда қалғандарға назар аударуы керек. Бізде татулық пен келісім үшін берік іргетас бар. Бүгінде экономикалық өсу есебінен өздерінің әл-ауқатының қалай жақсарғанын барлық қазақстандықтар сезінуде. Бұл мүлде басқа ел. Жан басына шаққандағы ІЖӨ көлемі 18 есе өсті. Бізді осындай өмірге жеткізген қазақстандық ғажайып та міне, осы.

Таяуда британдық «Ипсос МОРИ» социологиялық қызметі бүкіл Қазақстан бойынша тәуелсіз зерттеу жүргізді, соған сәйкес қазақстандықтардың 93 пайыздан астамы елдегі жағдайды жоғары бағалайтынын атап көрсеткен. Бұл біздің Конституциямыздың кіріспесінде толымды бейнеленген «Біз, Қазақстан халқы!» атты басты қағидаттың салтанат құруы.

Мен де, Өздеріңіз сайлаған Ассамблея Төрағасы ретінде бұл жетістікті бағалаймын. Мен жаңа Қазақстанның жасампаз жылдары ішінде бізге жүзеге асыруға сәтті түскендерді мақтан тұтамын. Ассамблея жаңа Конституцияны қабылдау бойынша бүкілхалықтық референдумға бастамашы болған еді, бұыл біз оның да 20 жылдығын атап өтетін боламыз.

Осы жылдар ішінде Ассамблея аса белгісіз құрылымнан Мәжіліс депутаттарын сайлау құқына ие конституциялық органға трансформацияланды. Бұл Ассамблеяның беделін арттырды. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң – әлемде бағамасы жоқ керемет заң. Ол еліміздің болашағы үшін өте маңызды. Оның нормалары біздің ұлтаралық саясатымыздың негізін қалыптастырады.

Ежелгі Египет мақалында айтылатынындай, дүниедегінің бәрі уақыттан қорқады, бірақ уақыт пирамидалардан қорқады. Біздің жаңа елордамыз – ақарлы Астана – осындай мәңгіліктің символы. Біз нағыз бейбітшілік пен келісімнің пирамидасын – қазір ҚХА сессиясы өтіп жатқан әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері үшін бірегей ғимарат салдық.

Қазақстанға келгендердің барлығы Ассамблеямызға таң-тамаша қалады, біздің халық достығына қаншалықты үлкен маңыз беретінімізді көреді. Бұл сарай – діндер Ғұбадатханасы, біздің халқымыздың бірлігі мен келісімінің Ғұбадатханасы. Жаһандық конфессиялар көшбасшыларының V съезі жақында дәл осы жерде өтеді.

Бүгінде планетамыздағы кез келген елдің алдында өте күрделі мәселе – жаңа жағдайларда тұрақты дамуды қалай қамтамасыз етуге болады деген мәселе тұр. Біз Еуропада ислам құндылықтарына қарикатуралар салдыруға итермелен, кейбір елдерде есірік туындатқан исламофобия өскенін байқаудамыз. Осы және басқа да оқиғалар, олардың шығу тегі мен табиғаты қалай түсіндірілетініне қарамастан, ұлтаралық және конфессияаралық қатынастардың нәзік те шетін саласына қатысты заманауи сын-қатерлер мен проблемалардың жаһандық сипатын қуаттап беріп отыр.

Кез келген елдің қуаты – оның халқының бірлігінде. Біздің этносаралық келісім тәжірибемізді неғұрлым көп ел пайдаланатын болса, әлем соғұрлым қауіпсіз болатынына сенімдімін.

(жалғасы 4-ші бетте)

ҚСЗИ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУ ЖӨНІНДЕ САРАПТАМАЛЫҚ БАЯНДАМА ДАЙЫНДАДЫ

Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты сарапшылар тобымен бірге Қазақстандағы президенттік сайлау жөнінде «Президенттік сайлау-2015: қорытындылар және болашақ әлеует» атты сараптамалық баяндаманы жасап шығарды. ҚСЗИ директоры Ерлан Қариннің айтуынша, баяндама 2015 жылдағы кезектен тыс президенттік сайлаудың барлық аспектісін қамтыған кешенді ақпараттық, сараптамалық өнім болып табылады.

«Біз бүгін сіздердің назарларыңызға алдын ала есепті ұсынып отырмыз, себебі бірқатар материалдар әлі егжей-тегжейлі талданып жатыр. Ертең немесе арғыкүні біз бұл жұмысты толық аяқтаймыз. Бірақ қазірден бастап, алдын ала нәтижелер туралы айтуға болады», - деді Е. Қарин бүгін құжаттың таныстырылымында.

Оның атап көрсеткеніндей, бұл баяндамада сайлаудан кейінгі кезең туралы, осы сайлаудың Қазақстанның даму жолындағы мән-мағынасы қарастырылған.

«Бір сөзбен айтқанда, біздің сарапшылар мен зерттеушілер сайлау науқанының барлық процедуралары мен аспектілерін қамтыды. Баяндаманың басымдығы сол, онда кешегі өткен президенттік сайлауға қатысты шолумен қатар, оның бұның алдында өткен

сайлаулардан ерекшелігі жөнінде салыстырмалы талдау жасалды. Сондай-ақ осы жолғы және оның алдында өткен сайлаулардағы саяси партиялардың белсенділігіне де назар аудардық», - деді ол.

Бұл - ҚСЗИ мен шетелдік және отандық сарапшылармен жасалған алғашқы тәжірибе. Жұмыс тобының құрамына ҚСЗИ сарапшылары - Юрий Булуктаев пен Мәдина Нұрғалиева, сонымен бірге институттың тәуелсіз шолушысы Марат Шибұтов кірді. «Баяндама көлемі небәрі 100 бет. Ол өте ықшам. Оның оқып шығу қиынға соқпайды», - дейді жоба бастамашысы Марат Шибұтов.

Оның сөзіне қарағанда, бұл қазақстандық сарапшылар жасаған ҚР президентін сайлауға қатысты алғашқы баяндамасы.

«Біз мұнда болжамдар ұсынып, сайлауға анықтама береміз. Алда не болатынын да қамтып отырмыз. Президенттік сайлау жөнінде бұл алғашқы сараптама. Оның алдында халықаралық байқаушылар немесе өзге де сарапшылар жасап келді. Енді міне, 1991 жылдан бері Қазақстан Президентін сайлау науқанын толық қамтыған қоғамдық талдамалы баяндама шықты», - деді ол.

ШҚО ақпарат орталығы

ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ



800 қазақ сарбазы 50 мың жоңғарды қалай жеңген? Орбұлақ шайқасы – қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы алғашқы бетбұрысты оқиға. 800 қазақ сарбазы 50 мың жоңғарды қалай жеңген?

Орбұлақ шайқасы – қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы алғашқы бетбұрысты оқиға. Бұл соғыс 1643 жылдың жазында қазақ қолын басқарған Жәңгір сұлтан мен жоңғар қолын басқарған Батыр қонтайшы арасында өтеді. Жәңгір жоңғарлардың жолын кесу үшін білтелі мылтықпен қаруланған 600 сарбазбен қарсы аттанады. Әлемдік соғыс өнерінің жылнама-сына енуге лайық Орбұлақ шайқасында осы 600 қазақ сарбазы 50 мың жоңғар қолын тас-талқан етіп жеңеді. 600 адамның 50 мың адамды жеңуі бізге аңыз секілді көрінгенмен,

шындық солай. Отандық тарихнаманың осы айтулы оқиғасы қалай болды? Жеңіске жету үшін Жәңгір хан қандай қосымша тактика қолданды? Осы жайды зерттеп жүрген тарих танымгері, өлкетанушы, шежіреші Асан Орзаханұлы Тұрабаевты әңгімеге тартқан едік.

– Байырғы дұшпан Хото Батор Хонтажы бастаған ойрат-қалмақ елу мың қолмен қазақ елін жаулап алуға аттанғаны жөнінде Салқам Жәңгір өз шолушыларынан мәлімет алады. Орбұлақтағы ойрат пен қазақтың тектілері Қарахан патшаның тұсында «Арамызды шаһар байласын, шаһар байламаса, заһар шайнасын» деп антасқан көрінеді. Маруан-Аһра би «Орбұлақ тектілердің ат-тізгінін тартып тоқтаған тәтті жері еді. Ойраттар анттан аттады. Орбұлақтың бойында улы жебемен қарсы алыңдар. Бұл жерге қылыш көтеріп келгендер өз қанына өзі тұншығады. Ойраттар елу мың болса да 800 сарбазың жетеді. Қостоқты бастаған қолың, Сүлеймен бастаған сексен мергенің бар, қия тұмсықты біз барғанша төтеп беріңдер» деп Салқам Жәңгірге хабар жібереді.

Жәңгір бастаған қазақ қолы Орбұлақтың қия беткейіндегі 800 қойтасты паналап ор қазып алып, жауын улы жебемен қарсы алады. Сонымен қатар Сасықтекенің түтінін де пайдаланады. Улы жебе адамға жанап кетсе болды, безгек тигендей мәңгілікке сұлап түседі екен. Ал Сасықтеке деген гүл таутекелер күйлеген кезде иіскейтін және сол уақытта гүлдейтін болса керек. Соны суға қайынып, оған шүберек малып кептіреді де, жағып жіберсе түтіні жан-жануарды уландырып тастайды. Салқам Жәңгір әскерінің бас қолбасшысы Қостоқты батыр 800 сарбазын із суытар жерге тастап, ойраттардың алдынан өзі шығады. Оларды алдаусыратады да «Сасықтеке» түтініне ұрындырады. Қазақ қолының аз екенін білетін жау жапырып тастамақ болып лап бергенде улы түтінге, онан соң улы жебеге ұрынады. Міне, осындай амал-айла арқасында қалмақ қолы ойсырай бастайды.

Аузы-басын тұмшалап, ешкінің майымен майлап алған қазақ жауынгерлеріне улы түтін әсер ете қоймайды. Уланғандары қымыз бен меңдунаны араластырып ішіп, құсады да тазарып аман қалады. Ал аттары уланса тұмсығына құйрық маймен ұрып тазартады. Алғашқыда не болғанын түсінбей қалған ойраттар мәнісін кейіннен біледі. Он мындай жасағынан айырылған олар кейін шегініп ақылдаса бастайды. Осы кезде жырмыра мың қолымен Жалаңтөс Баһадүрдің қолы тықсыра бастайды, сол кезде қырық мың қолымен Алатау батыр, ішінде ағана қырғыз жасағы бар, сегіз мың қолымен Арқадан Малдас би жетеді. Алатау батырдың сол кездегі жетпіс жетіден асып шау тартып қалған шағы екен. Ақыл-кеңес беріп, бастап келген жасағы соғысқа араласпады. Осы соғыс ұмытылмас ерлік ретінде тарихқа жазылды. Жалаңтөс Баһадүр, Жиенбет жырау, Қарасай батыр, Көкі батыр, Жақсығұл батыр, Сүлеймен мерген, Жаманбай батыр, Шілмекенұлы Қостоқты батырлар өшпестей із қалдырды. Салқам Жәңгір ұрыстан соң қалмақтың жас батырымен жекпе-жекке шығып қаза тапты.

Дайындаған: Ә.СҰЛТАНОВ

БОРОДУЛИХА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫНА!

2015 жылдың 30 мамырында сағат 15:00-де Бородулиха ауылының аудандық Мәдениет үйі ғимаратында ауылдық округ тұрғындарының жиыны өтеді.

Жиында келесі мәселелер қарастырылады:

1. Бородулиха ауылының Комсомольская, Пионерская, көшелерінің атын өзгерту. Бородулиха ауылының тұрғындарын жиынды өткізуге қатысуларын сұраймыз.

Бородулиха а/о әкімінің аппараты

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXII СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



(Басы 3-ші бетте)

Күн тәртібінде басты мәселе – болашағы біртұтас ұлттың мәселесі тұр. Оны құру «Нұр Отан» съезінде ілгерілетілген бес халықтық реформаның жалпы мәнін қалыптастырады. Менің өңірлерге жұмыс сапарларым барысында менен бес халықтық реформаның шешуші мағынасы неде деп жиі сұралды. Бүгін мен баршаға бірден жауап берсем деймін.

Менің барлық басты бастамаларым: «2050-Стратегиясы», жаңа индустрияландыру, «Нұрлы Жол», бес халықтық реформа, «Мәңгілік Ел» – бұлар көп жылға бұрын есептелген ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын мега-жобалар. Оларды тек қуатты бүкілхалықтық механизм ғана іске қосуға қабілетті. Болашақ біртұтас ұлт осындай бола алады.

Біз бірегей және халық бірлігінің осы кезге дейін еш жерде қайталанбаған моделін қалыптастырудамыз. Бізді, біріншіден, ортақ үйіміз – Қазақстанға деген ортақ сүйіспеншілік біріктіреді. Екіншіден, біздің ежелгі жеріміз бен тілдерді дамыту тарихына қатысты қоғамдық келісіміміз. Үшіншіден, мемлекетіміз бен оның азаматтарының бүгінгі күніміз бен еңселі ертемізге түбегейлі сеніміміз. Біздің Мәңгілік Отанымыз – Мәңгілік Елдің негізі, міне, осы.

Бүгінде дамыған елдердің ТОП-30-дығы – болашақтың біртұтас ұлттары. Біз осындай табысты тәжірибелердің көптеген мысалдарын көріп отырмыз, олар – Жапония, Оңтүстік Корея, Түркия, Малайзия және басқалары. Қазір біздің қазақстандық тәжірибе де осы қатарда деп айтуға әбден болады. Бірақ біз өзіміздің жолымызды аталған елдерден 30-50 жыл кейін бастадық. Сондықтан біздің алдымызда үлкен жұмыстар тұр. Мен бес халықтық реформаны іске қостым.

Бірінші – кәсіби мемлекеттік аппарат жасақтау. Екінші – заңның үстемдігі. Үшінші – индустрияландыру мен экономикалық өсім. Төртінші – болашағы біртұтас ұлт. Бесінші – транспарентті мемлекет.

Бұлар – сырттың теріс ықпалдары салдарын еңсеріп, елді нығайтатын және барша үшін осы заманғы Қазақстан тұрғызуға көмектесетін жаңа басымдықтар. Ең бастысы, еңбек адамының жұмысы мен тұрақты жаалақысы, басында баспанасы, ертеңгі күнге деген сенімі болуы тиіс. Бес реформа – бұл қарапайым адамдарға керектің дәл өзі.

ҚХА өкілдері Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия жұмысында маңызды рөл атқарулары керек. Осымен байланысты Ассамблея алдына бірқатар міндеттер қоямын.

Бірінші. Бүкілқазақстандық біртектіліктің, болашағы біртұтас ұлттың кілті бүкілқазақстандық мәдениет болып табылады. Әлемдегі аса серпінді ұлттардың – АҚШ-тың, Жапонияның, Еуропа елдерінің, Оңтүстік-Шығыс Азия «жолбарыстарының» тәжірибесі қазіргі дүниеде берік мәдени арқаусыз елдің экономикалық және саяси табысы мүмкін емес екенін айқын айғақтап беріп отыр.

Сондықтан планетамыздағы 30 лайықты ұлттың біреуі атану үшін, бірінші кезекте, XXI ғасырда аса танымал мәдениеттердің қатарында болу шарт. Біз Қазақстанның әлемдегі 30 «жоғары мәдениетті қоғам» шоқжұлдызына енуін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Бар-жоғы екі жылдан кейін біздің елордамыз Астана Халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесін қабылдайтын болады. Ол Қазақстанның бүгінгі мүмкіндігін, әлеуетін және болашағының жаһандық қарымын байқатпақ. Біз – осы бүкіләлемдік форум өткізу құқығын алған әлемдегі 17-ші еліміз. Біз конкурсты жеңіп

алдық. Бұл – біздің экономикалық және мәдени дамудағы жаһандық көшбасшылар қатарында болуға деген ұмтылысымыз негізсіз емес екенін дәлелдейтін бүкілхалықтық миссия. Мәдениет және спорт министрлігі «ЭКСПО-2017-ге» қарай бүкілқазақстандық мәдениеттің тұсаукесерінің арнайы жоспарын жасауы тиіс. Біз – жаңа еліміз, сондықтан көрмеге келушілердің еліміз, табиғатымыз, мәдениетіміз, тарихымыз туралы көбірек білуге деген ұмтылысы табиғи болмақ. Бізге осы мүмкіндікті пайдаланып қалу керек.

Екінші. Қазақстандық ұлттық рухтың басты көзі – ортақ рухани-адамгершілік құндылықтар негізіндегі халық бірлігі.

Біздің азаматтарымыздың көпшілігі – қазақтар. Түйсінше, жалпықазақстандық бірлік дегеніміз – ең алдымен, қазақтың өзінің бірлігі. Елдің тағдыры мен болашағы – мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақтың қолында. Халықты ұлы істерге ұйыстыруда басты жауапкершілік қазаққа жүктеледі. Осыны ардайым есте тұтайық.

Біздің Конституциямыз нәсілдік, этностық, діни және әлеуметтік қатыстылығына қарамастан, барлық азаматтарымыздың құқықтық теңдігіне кепілдік береді және қорғайды. Сонымен бір мезгілде, қазақстандық біртектілікті одан әрі нығайту қажет. Ол азаматтық қағидатына негізделуі тиіс. Барлық азамат құқықтардың бірдей көлемін пайдалануы, жауапкершіліктің бірдей жүгін көтеруі және теңдей мүмкіндікке қолжетімділікке ие болуы керек.

Мәңгілік Ел идеясы арқауындағы тоямастырушы құндылықтар – азаматтық теңдік; еңбексүйгіштік; адалдық; оқымыстылық пен білімге бас июшілік; зайырлы ел – толеранттылық елі. Қазіргі кезде жобасын жасаумен Ассамблея айналысып жатқан «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінің негізін осылар құрауы тиіс. Онда қазақстандық патриотизмді жаңашылдықпен айқындау қажет. Қазіргі дүниеде қоғамдағы бейбітшілік пен келісімнің барлық елдерде бірдей қолдануға болатын мінсіз және дәл рецептілері жоқ. Біз әлемде алғашқы болып бүкілқазақстандық ұлттық идеяны нақты құжат пішінінде бекітеміз. Мұндай тәжірибе еш жерде жоқ және біз баршаның алдында келеміз.

Дәл осы секілді, қазақстандықтарды тұтастандыру мен біріктірудің бірегей мүмкіндігін көре отырып, осыдан 20 жыл бұрын бірінші болып халық Ассамблеясын құрдық. Жаңа міндеттерді жүзеге асыруда ұлттық интеллигенцияға ерекше рөл беріледі.

Үшінші. Біз өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге ерекше назар аударуымыз керек. Бұған білім беру жүйесінің, тәрбиенің, мәдениеттің, БАҚ-тың, этномәдени бірлестіктердің барлық күш-жігері бағытталатын болуы тиіс. Бұдан да көп айтуға болады. Адамдар талғамсыздықтың, «менттер», қылмыстар туралы көпшілік сериалдардың, тұтынушылық, ойын-сауық және тағысын тағы сияқтылардың көптігінен шаршады. Мұнда жалпыұлттық құндылықтарды нығайтуға бастайтын күш ретінде біздің интеллигенциямыздың рөлі зор. Адамдар театрдан, кинодан, кескіндеме өнерінен, өнер туындылары мен мәдениет өнімдерінен адамгершіліктің, адалдықтың, абырой мен ізгіліктің көрсетілгенін күтеді. Мәдениет және спорт, Инвестициялар және даму министрліктеріне Ассамблеямен бірлесіп, БАҚ-тарда, Интернетте арнайы жобаларды жасап, жүзеге асыру керек.

Төртінші. Кез келген ұлт-мемлекет – бұл, бірінші кезекте, оның бірегей мемлекеттік тілі. Қазақ тілін үйреніп жүрген барлық ұлты қазақ еместерге рахмет.

(жалғасы 5-ші бетте)

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА



2015 ЖЫЛ- ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Елбасымыз 2015 жылды Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығы деп жариялады. Бұл жыл Қазақстан халықтары Ассамблеясының бөлімдерінің мерекесі емес, ол жиырма жыл бойы бейбітшілік пен ынтымақ, қоғамдық бірлік үшін жасалған жұмыстарды жариялау. Нұрсұлтан Әбішұлының қоғамда толеранттылық, достық пен келісім атмосферасын құру, сақтау үшін жасап жатқан моделінің жиырма жылдығын тойлау. Бұл біздің жиырма жылдың ішінде достық, ынтымақ пен тұрақтылықтың арқасында жеткен жетістіктерімізді қорытындылау. Сондықтан бұл жыл Қазақстан халықтарының бірлігін нығайта түсетін жыл болмақ.

Ассамблеяның мақсаты - қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени

ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

Қазақстан халқы ассамблеясы өзінің құрылған кезінен бастап орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті. Еліміздегі 100-ден аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілеу дамуы үшін маңызды роль атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар сала-сында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді.

А.ҚАЛИЕВА, Петропавловка ауылдық округі әкімінің аппараты

БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН!

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап еліміз бір шаңырақ астына 130 астам ұлт өкілдерін біріктіре білді. Олардың тілі мен түрі, діні мен ділі бөлек болғанымен тілектері бір. Ол - көк байрағымыз желбіреген тәуелсіз Қазақстанымызда тату-тәтті күн кешіп, бір-бірілерінің қызық-қуаныштарына ортақтасу. Міне, осындай ниетпен біздің ауданымызда да түрлі ұлт өкілдерінің басын біріктіріп, салт-дәстүрін, тілін, өнерін дәріптеп отырған «Достық үйі» жұмыс істейді. «Достық үйі» КМҚК Бородулиха ауданында 2011 жылы құрылған. Директоры – Шпилюкина Александра Александровна. «Достық үйінде» 9 этно-мәдени бірлестік, 2 мәдени бірлестік жұмыс жасайды. Олар: «Хуторянка» украин ЭМБ

Достық үйінде «Кумушки-Голубушки» атты орыс әндерінің шығармашылық ұжымы жұмыс істейді. Достық үйінің жанында Е.Мыслейконың басшылығымен сәнді - қолданбалы шығармашылық студиясы жұмыс жұмылды. Достық үйінің этномәдени бірлестіктердің жұмысындағы ең басты міндеті тарихқа, тілге және өз халқының мәдениетіне деген қызығушылықтары мен құрметін ояту. Аталған этно-мәдени бірлестік мүшелерінің барлығы өнерлі, шығармашыл жандар. Достық үйі ұжымы ауданымызда, облыста өтетін іс-шаралардан ешқашан тыс қалған емес. Әрқашан барлық іс-шараларға біркісідей қатысады. Биылғы жылды Елбасымыз Қазақстан халықтары Ассамблеясының 20 жылдығы



– Дмитриевка ауылдық округі, «Ляйсан» татар ЭМБ – Новопокровка ауылдық округі, «Ариран» кәріс ЭМБ – Таврия ауылдық округі, «Сударушка» орыс ЭМБ – Жезкент кенттік округі, «Славянка» орыс ЭМБ – Новопокровка ауылдық округі, «Родник» орыс ЭМБ – Ленин ауылдық округі, «Раздолье» орыс ЭМБ – Новошүлбі ауылдық округі, «Фроиндшафт» неміс ЭМБ – Новодворовка ауылдық округі, «Верасы» белорус ЭМБ – Бородулиха ауылдық округі. Сонымен қатар, Достық үйінде қазақ ұлтының салт-дәстүрі мен өнерін дәріптеп жүрген Ж.Айтуарова басқаратын «Ажар» қазақ мәдени бірлестігі мен А.Ордабаева басқаратын «Ақниет» қазақ мәдени бірлестігі қызмет атқарады.

деп жариялады. Осы айтулы мереке қарсаңында да ауданымыздың Достық үйі көптеген іс-шаралар өткізді. Бүгінде тәуелсіз Қазақстанымыздың әлемдік аренада өзіндік орны бар. Алдыңғы қатарлы мемлекеттермен терезе теңестірдік. Оған отанымызды мекендеген әр ұлт өкілдерінің тамшыдай болсын үлесі бар. Олармен көк аспанымыз, жеріміз бен суымыз, ауамыз ортақ. Демек салт-дәстүріміз бен мәдениетіміз де солай болуы тиіс. Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы мерекесі қарсаңында ауданымыздың Достық үйінің ұжымына шығармашылық табыс, татулық пен береке тілеп, істеріңіз оңға бассын дегім келеді!

М. ТҮЙЛЕБАЕВА

ҚАЗАҚСТАН -

БІРЛІК ПЕН

ТАТУЛЫҚ

МЕКЕНІ!

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXII СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Соңы. Басы 4-ші бетте)

Балаларын балалар бақшасынан бастап өз Отанының тілінде сөйлеуге үйретіп жүрген ата-аналарға да рахмет. Қазақ тілін дамыту өзінің тарихында ешқашан осындай ауқым мен қарқынды білген емес. Бүгінде қаншама қазақ еместер қазақ тілін біледі! Мемлекет қазақстандықтардың барлық этностық топтарының тілдерін дамытуға қамқорлық көрсетіп келеді. Біз ұштұғырлы тіл енгізу қарқынын өрістетудеміз. Қазақстандықтардың 20 пайызы қазірдің өзінде ағылшын тілін меңгерген. Яғни, үш тілді білу – жандық өмірге жолдама алу деген сөз. Бұл – адамның өмірдегі табыстылығының қағидаты.

Біз тіл мәселесіне келгенде білім мен мәдениетті жиі шатыстырамыз. Қазіргі заманда білім беру мен мәдени тәрбие беру – бір-біріне жақын, бірақ екі бөлек жұмыс. Білім берудің міндеті – заманға сай білімі бар, тәжірибелі, білікті, жаңа технологияларды меңгерген, бәсекеге қабілетті азамат қалыптастыру. Осы арқылы өзінің бала-шағасы мен отбасының, елінің игілігі үшін табыс таба алатын азамат қалыптастыру. Ал, мәдени тәрбие берудің міндеті – адамды ұлттық болмысын сақтауға, туған тілін, тарихы мен мәдениетін игеріп, дамытуға үйрету.

Басты проблема неде? Қазіргі заманғы білім мен ғылым негізінен басқа тілдерде, әлемдік тілдерде жасалады. 2014 жылы әлемде ағылшын тілінде 500 мыңнан астам жаңа кітап жарыққа шықты. Қазақ тіліндегі кітаптардың саны – 2300. Айырмашылық – жер мен көктей. Ғылыми әдебиетте де осындай көрініс. Медицина саласында ағылшынша 15 мың, қазақша 100 жаңа басылым шықты. Ғылым мен жаңа технологияда 30 мың және 200. Жыл сайынғы көрініс – осы!

Сапаны салыстырсақ та жағдай шамалас. Бұл – әлемдік үрдіс. Осы проблема Еуропадағы, Оңтүстік Америкадағы, Азия мен Африкадағы елдердің басым көпшілігінде бар. Барлық мемлекеттер бәріне ортақ бір проблемамен бетпе-бет келіп отыр. Ол – аса ауқымды ақпарат тасқынын аударып үлгермеу мәселесі. Әлемдегі техникалық ақпараттардың 70 пайызы – ағылшын тілінде. Электронды тасымал құралдардағы ақпараттың 80 пайызы – ағылшынша. Жапон, қытай, орыс, француз, араб, түрік және басқа да тілдердің бәрін қоса алғандағы өзге тілдердің үлесі небәрі 20 пайыз. Осы тілдерді ғана білетін адамдардың ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі барынша шектеулі. Бұл айырмашылықты еңсеру тіптен мүмкін емес.

Әлемде білім саласының қарқынды дамуының соншалық, оны ұлттар өз тілдеріне аударып үлгері алмайды. Біз аударғанда ол мәліметтер ескіріп қалады. Сондықтан, жоғарыда айтылған салалар түгелімен ағылшын тіліне көшуде. Бұл үрдіс жыл өткен сайын кеңейіп, тереңдеп, жеделдеп барады. Сонда, жаһандану заманында бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуға бел байлаған ел не істейі керек? Тезірек әрекет жасауы қажет. Осыны түсінген ел өзгелердің алдында артықшылыққа ие болады. Оған мысалдар да жеткілікті: Сингапур, Малайзия, Корея, Гонконг, Тайвань, Біріккен Араб Әмірліктері.

Ағылшын тілінде бәрі бірдей еркін сөйлемейі мүмкін, бірақ оқып, түсіне алады. Әлемдегі негізгі ақпараттарға қолы жетпейтін ұлт бәсекеге қабілетті бола алмайды. Бұл – XXI ғасырдың заңы. Сондықтан, ғылымда, медицинада жұмыс істейтін және мемлекеттік қызметтегі

азаматтар ағылшын тілін тезірек меңгеруі қажет. Ұстаздар мен ата-аналарға айтарым – Қазақстанның білім беру саласында осы мәселе мұқият ескерілуі тиіс. Біздің мектептеріміздің бәріне ортақ бір үлгі қажет. Бұл үлгідегі мектепте Қазақстанның мәдениеті мен тарихы, тілі мен әдебиеті қазақша, жаратылыстану пәндері ағылшынша үйретіліп, орыс тілі пән ретінде оқытылуы керек. Ұлттық тіл мен мәдениетті сақтап, дамыту әлемдік ақпараттан құралақан қалуға негіз болмауы тиіс. Мектептің соңғы сыныптарында және жоғары білім беру – бірте-бірте ағылшын тіліне көшу керек. «Үш тұғырлы тіл» саясатының негізгі мәні – осы! Сондықтан Білім және ғылым министрлігімен Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп, Үш тілде білім беруді дамытудың жол картасын жасау қажет.

Бесінші. Халық Ассамблеясы халықтық, саясаткерлік өкілдіктің ерекше тетігі ретінде транспарентті мемлекеттің қоғамдық бақылау жүйесінде маңызды рөл атқаруы тиіс.

Алтыншы. Ассамблея алдында бұрынғысынан этносаралық қатынастар саласын саясаттандыруға жол бермеу міндеті тұр. Біз қай тараптан шыққанына қарамастан, ұлттық радикализмнің кез келген пішінінің жолын қатаң кесетін боламыз. Біздің қоғамда қазірдің өзінде қандай да бір радикалды үндеулер мен арандатушылыққа қарсы белгілі бір иммунитет қалыптасып үлгерді. Бірақ Қазақстан халқы Ассамблеясы қолы қашанда қоғамның тамыр соғысында ұстап, тиісті мемлекеттік органдармен бірге алдын алу шараларын қабылдауы керек. ҚХА үшін оның мемлекеттің ішкі саясатын жүзеге асыруға қатысуын қамтамасыз ететін, барлық этностарды жалпы мемлекеттік міндеттер кешенін шешуге жұмылдыратын арнайы бағдарлама жасалатын болуы тиіс. Бізге Ассамблея туы астында «Үлкен ел – үлкен отбасы» жалпыұлттық акциясын ұйымдастыру керек.

Жетінші. Халық Ассамблеясына біздің Еуразиялық экономикалық одақтағы әріптестерімізбен мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимылды тереңдету бойынша жүйелі жұмыс тізбесін қалыптастыру қажет. ЕАЭО құру бастамасын біз көтергенбіз. Еуразиялық экономикалық одақ міндетті географиялық көршілестік қағидатын ұстанбайтындығымен қызықты. Тек біртұтас ережелер ғана міндетті. Мен ЕАЭО бейнесін кез келген басқа интеграциялық бірлестіктер, ойлап табуды қажет етпейтін велосипед түрінде, елестете алар едім. Егер ол қозғалмайтын болса, құлайды. Бұл әзірше төрт доңғалағын тең басқан, моторы мықты, алға қарай орнықты және сенімді келе жатқан жол талғамайтын көлік емес. Ал бұл қозғалысты сіз бен біз, біздің экономикалық одаққа енген және әлі енетін барлық елдердің халықтары қамтамасыз етуі тиіс.

Қымбатты халқым!

Бақыт бағалай білгеннің ғана басында тұрады. Ең асыл қазынамыз – бірлігімізді көздің қарашығындай сақтап білсек, барлық асулардан асамыз.

Мен халқымды Ассамблеяның алтын шаңырағын асқақтата түсуге үндеймін. Бірлік қағидасы – әрбір азаматтың өмірлік ұстанымына айналсын! Жүрегімізде Ұлы Отан – Маңғлық Елге деген махаббат оты маздасын! Баянды болашаққа бірге қадам басайық! Ырысымыз тасып, айбынымыз аса берсін!

Алға, Қазақстан!

«ЛЯЙСАН» ТАТАР ЭТНО-МӘДЕНИ БІРЛЕСТІГІ

«Ляйсан» татар этно-мәдени бірлестігі 2009 жылы сәуір айында Бородулиха ауданының Новопокровка ауылдық округінде құрылған. Жетекшісі – Давлетшина Найля Аззамовна. Бірлестік құрамына 10 ересек адам және 5 бала кіреді. Ұжым құрамындағы адамдардың көпшілігі зейнеткерлер, қызметшілер, вокал тобы, «Звездочки» би тобы да бар. Этно мәдени бірлестік өкілдері облыста, ауданда, ауылда өтетін іс-шаралардан тыс қалмайды. Бірнеше рет әртүрлі дәрежедегі мақтау қағаздары мен бағалы сыйлықтармен марапатталған. Ұжым Семей қаласында өткен татар әндерінің 11 халықаралық фестивалінің 3 дәрежедегі лауреаты атанды, татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың 125 жылдығына арналған іс-шараға қатысты, «Сабантой» халықтық мейрамдарына үнемі қатысады. Бірлестікке балалар жиі қатысып тұрады, татар тілін қызығушылықпен меңгеріп, туған



тілдерінде әндер мен тақпақтар айтады. Ұжым мүшелері белсенді, ақ жарқын адамдар. Татар тілін оқыту курстары ұйымдастырылған, 15 адам татар тілін үйреніп жатыр, татар тілін бірлестік жетекшісі Н.Давлетшина оқытады. 2014 жылдың маусым айында «Ляйсан» татар ЭМБ ұжымы татар Ассоциациясының шақыруымен Үрімші (ҚХР) қаласында өткен татарлардың ұлттық мейрамы «Сабантойға» қатысып қайтты. Бесқарағай ауданының Башкуль ауылында өткен татарлардың ұлттық мейрамы «Сабантойға» барды.

«ХУТОРЯНКА» УКРАИН ЭТНО-МӘДЕНИ БІРЛЕСТІГІ



«Хуторянка» украин этно-мәдени бірлестігі 2009 жылы сәуір айында Бородулиха ауданының Дмитриевка ауылдық округінде құрылған. Жетекшісі – Ковальчук Михайл Владимирович. Құрамына 15 адам кіреді. Бұл бірлестік құрамында көбінесе зейнеткерлер мен қарапайым жұмысшылар қызмет етеді. Этно мәдени бірлестік мүшелері облыста, ауданда,

ауылдық округте өтетін іс-шараларға белсенді түрде атсалысады. Бірнеше рет әртүрлі мақтау қағаздарымен, бағалы сыйлықтармен марапатталған. «Туған жер – алтын бесігім» ауданның мәдениет күндерін өткізуге белсене қатысқаны үшін аудан әкімінің мақтау қағазымен, украин шығармашылығының III облыстық фестиваліне қатысқаны үшін дипломмен марапатталған. IV облыстық украин халықтық шығармашылығының фестивалінде «Вокал» номинациясы бойынша 2-орын алды. Ауылдық округте халықтық салт-дәстүрді дәріптеп, салауатты өмір салтын ұстанады. Қазіргі уақытта украин тілін оқыту курстарын ұйымдастырып жатыр.

М.ТҮЙЛЕБАЕВА

«АЖАР» ҚАЗАҚ МӘДЕНИ БІРЛЕСТІГІ

«Ажар» қазақ мәдени бірлестігі 2012 жылдың қаңтар айында Бородулиха ауданының Новопокровка ауылдық округінде құрылған. Жетекшісі Айтұарова Жанат Райповна, ұжым құрамында 5 адам жұмыс істейді. Ұжым құрамы қызметшілер мен вокал тобынан құрылған. Бірлестік ауданда, ауылдық округте өтетін іс-шаралардан тыс қалмайды.

Ұжым мүшелері өте көңілді, ұйымшыл, шығармашыл адамдар. Бірлестік ішінен шығармашылық ұжым құрылған. Ауылдық округте қазақы салт-дәстүрлер мен жөн жоралғылар, салауатты өмір салтын сақтауда көптеген жұмыстар атқарып, іс-шаралар ұйымдастырады. Мәдени бірлестіктің міндеті айқын, әрі баршаға түсінікті: мемлекеттік тілді насихаттау және үйрету, еліміздегі үздік



салт-дәстүрлерді жаңғырту, жастарды қазақ халқының өнегелі дәстүрімен тәрбиелеу болып табылады. Бірлестік мүшелері ұжым құрамына жастарымыз да қосылып, еліміздің көнеден келе жатқан тарихын, салт-дәстүрін жастар ішінде де дәріптесек деген ниет білдіруде.

«РОДНИК» ОРЫС ЭТНО-МӘДЕНИ БІРЛЕСТІГІ



«Родник» орыс этно-мәдени бірлестігі 2011 жылы қазан айында Бородулиха ауданының Ленин ауылдық округінде құрылған. Жетекшісі Степанова Ольга Карловна. Ұжымда 10 адам бар. Ұжым зейнеткерлер мен жұмысшылардан құрылған.

Этно-мәдени бірлестік мүшелері облысымызда, ауданымызда, ауылдық округте өтетін іс-шараларға біркісідей атсалысады. әртүрлі дәрежедегі мақтау грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен марапатталған. Ұжым өкілдері өте тату тәтті, ұйымшыл, еңбекқор адамдар. Бірлестіктің ішінен құрылған «С песней по жизни» шығармашылық ұжымы жұмыс жасайды. Ауылдық округте халықтық салт-дәстүрлерді дәріптеуде, салауатты өмір салтын сақтауда көптеген жұмыстар атқарып жатыр. Бүгінгі күні орыс тілін тереңдете оқыту курстары ұйымдастырылған. Бірлестік құрамына шығармашыл, өнерлі жастар қатысуға ниет білдіруде.

Т.ҚАЛИБАЕВ

Аудан тынысы 6 № 37 (546) 1 мамыр 2015 жыл

ТЕЛЕДИДАР

ХАБАР

ДҮЙСЕНБІ, 04 мамыр

07:02«Айтұмар»08:00«Жаңа күн» 10:00Информационный канал - аналитическая программа «Жеті күн»11:00«Әр үйдің сыры басқа» деректі драмасы11:35«Мен көрген соғыс»11:45Кулинарная программа «Магия кухни»12:20Мультсериал. «Маша и медведь» 12:35Мультсериал. «Мишки Гамми»13:00Түскі жаңалықтар13:15Документальная драма. «Семейные мелодрамы»14:00Телесериал. «Баллада о Бомбере»15:00Дневной выпуск новостей15:15Тұсаукесер! «Бұйымтай»15:55Тұсаукесер! «Өмір сабақтары» деректі драмасы16:25Телесериал. «Пәленшеевтер»17:00Кешкі жаңалықтар17:15«Көз қарас»17:45«Қызық times»18:00Вечерний выпуск новостей18:15«Қызық times»19:00«ТВ Бинго»20:00Қорытынды жаңалықтар20:30«Арнайы хабар»21:00Итоговый выпуск новостей21:30Премьера! Телесериал «Слово офицера» 22:00Премьера! Телесериал «Гречанка»22:50«Жекпе-жек»23:35Тұсаукесер! «Бұйымтай» 00:20Қорытынды жаңалықтар00:50Итоговый выпуск новостей01:20«Әр үйдің сыры басқа» деректі драмасы01:50Жаңалықтар

СЕЙСЕНБІ, 5 мамыр

07:02«Айтұмар»08:00«Жаңа күн» 10:00Таңғы жаңалықтар10:15Мультсериал. «Маша и медведь»10:25Мультсериал. «Мишки Гамми»10:50«Мен көрген соғыс»11:00Утренний выпуск новостей 11:15«Әр үйдің сыры басқа» деректі драмасы11:45Кулинарная программа «Магия кухни»12:20«Незабытые истории войны»12:25Премьера! Телесериал «Слово офицера»13:00Түскі жаңалықтар13:15Документальная драма. «Семейные мелодрамы» 14:00Телесериал. «Баллада о Бомбере»15:00Дневной выпуск новостей15:15Тұсаукесер! «Бұйымтай» 15:55Тұсаукесер! «Өмір сабақтары» деректі драмасы16:30Телесериал. «Пәленшеевтер»17:00Кешкі жаңалықтар17:15«Көзқарас»17:45«Экономкласс»18:00Вечерний выпуск новостей18:15Телесериал. «Сұлтан Сүлейман»19:05«Біздің үй»20:00Қорытынды жаңалықтар20:30«Бюро расследований» 21:00Итоговый выпуск новостей21:30Премьера! Телесериал «Слово офицера» 22:00Телесериал. «Гречанка»22:50«Арнайы хабар»23:20Тұсаукесер! «Бұйымтай»00:05Қорытынды жаңалықтар00:35Итоговый выпуск новостей01:05«Әр үйдің сыры басқа» деректі драмасы01:35Жаңалықтар

СӘРСЕНБІ, 6 мамыр

07:02«Айтұмар»08:00«Жаңа күн» 10:00Таңғы жаңалықтар10:15Мультсериал. «Маша и медведь» 10:25Мультсериал. «Мишки Гамми»10:50«Моя история войны»11:00Утренний выпуск новостей 11:15«Әр үйдің сыры басқа» деректі драмасы11:45Кулинарная программа «Магия кухни»12:20«Незабытые истории войны»12:25Премьера! Телесериал «Слово офицера» 13:00Түскі жаңалықтар13:15Документальная драма. «Семейные мелодрамы» 14:00Телесериал. «Баллада о Бомбере»15:00Дневной выпуск новостей15:15Тұсаукесер! «Бұйымтай» 15:55Тұсаукесер! «Өмір сабақтары» деректі драмасы16:25Телесериал. «Пәленшеевтер»17:00Кешкі жаңалықтар17:15«Көзқарас»17:50«Незабытые истории войны»18:00Вечерний выпуск новостей18:15Телесериал. «Сұлтан Сүлейман»19:10«Біздің үй»20:00Қорытынды жаңалықтар20:30«100 бизнес тарихы»21:00Итоговый выпуск новостей21:30Премьера! Телесериал «Слово офицера»22:00Телесериал. «Гречанка»22:50«Біздің үй»23:40Тұсаукесер! «Бұйымтай» 00:25Қорытынды жаңалықтар00:55Итоговый выпуск новостей01:25«Әр үйдің сыры басқа» деректі драмасы01:55Жаңалықтар

БЕЙСЕНБІ, 7 мамыр

Отан қорғаушы күні – День защитника Отечества07:02«Айтұмар»80:00«Жаңа күн» 10:00Таңғы жаңалықтар10:15«Айбын»11:00Қазақстан Республикасы Қарулы Күштердің Жауынгерлік парады - Боевой парад Вооруженных Сил Казахстана. Тікелей эфир. 12:00Концерт «Соғыстың жаңғырығы»13:00Түскі жаңалықтар13:15Документальный фильм «Была нужна одна победа»13:45Телесериал. «Баллада о Бомбере»15:00Дневной выпуск новостей15:15Кино. «Жеңіс семсері» 17:00Кешкі жаңалықтар17:15«Арнайы Хабар»17:45«Моя история войны»18:00Вечерний выпуск новостей18:15Гала-концерт Национальной гвардии Республики Казахстан «Бабалар дәстүрі ұрпаққа аманат»20:00Қорытынды жаңалықтар20:30Фильм из цикла «Истории огненных лет» - «Летописцы победы»21:00Итоговый выпуск новостей21:30Спецвыпуск. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жауынгерлік парады - Боевой парад Вооруженных Сил Казахстана.22:10Жігіттер «Құстармен сырлас»00:10Телесериал «Жас ұлан»01:00Қорытынды жаңалықтар01:30Итоговый выпуск новостей02:00«Арнайы Хабар»02:30Жаңалықтар

ЖҰМА, 8 мамыр

07:00«Айтұмар»08:00«Жаңа күн» 10:00Таңғы жаңалықтар10:15Мультфильмы «Маша и Медведь: серия «Граница на замке», «Героями не рождаются», «Мишки Гамми»11:00Утренний выпуск новостей 11:15«Әр үйдің сыры басқа» деректі драмасы11:45Кулинарная программа «Магия кухни»12:20«Незабытые истории войны» 12:25Премьера! Телесериал «Слово офицера»13:00Түскі жаңалықтар13:15Документальный фильм «Борискино небо»13:55Телесериал. «Баллада о Бомбере»15:00Дневной выпуск новостей15:15Тұсаукесер! «Бұйымтай» 15:55Тұсаукесер! «Өмір сабақтары» деректі драмасы16:25«Ұлт саулығы»16:50«Мен көрген соғыс»17:00Кешкі жаңалықтар17:15«Бармысың, бауырым?»18:00Вечерний выпуск новостей18:15Премьера! Телесериал «Слово офицера»19:05«Орталық Хабар»20:00Қорытынды жаңалықтар20:30Фильм из цикла «Истории огненных лет» - «В небе только асы»21:00Итоговый выпуск новостей21:30Премьера! Телесериал. «Приказ вернуться живым»22:15Тұсаукесер! «Жеті ән» 23:50Кино. «Качели любви» 01:50Жаңалықтар02:55«Арнайы хабар»

СЕНБІ, 9 мамыр - Жеңіс күні

07:02Мерекелік концерт «Байтақ, Казахстан!»08:10«Бармысың, бауырым?»08:55Наталья Аринбасарова, Нуржуман Ихтымбаев в фильме «Песнь о Маншук»10:15«Моя история войны»10:30«Незабытые истории войны»10:40Концерт Б. Тулегенова «Сырымды айтам деп едім»12:05Фильм из цикла «Истории огненных лет» - «Ярость благородная»12:40«Орталық Хабар»13:35Деректі фильм «Бұрым туралы баллады»14:05Концерт памяти М.Магомаева. «Пока я помню, я живу!»15:55«Мен көрген соғыс»16:10Премьера! Телесериал. «Приказ вернуться живым»16:55Концерт «Жеңіске құрмет» 18:05Кино. «В бой идут одни старики»19:25«Незабытые истории войны»19:30«Мен көрген соғыс» 19:45«Бенефис-шоу»21:00Ақпарат арнасы – «Жеті күн» сараптау бағдарламасы 22:00Премьера! Телесериал. «Приказ вернуться живым»22:45Художественный фильм.

ЖЕКЕСЕНБІ, 10 мамыр

07:02Концерт.08:00«Продвопрос»08:30«Айбын»09:00Ақпарат арнасы – «Жеті күн» сараптау бағдарламасы 10:00Мультфильм. «Вэлиант»11:20Кино. «Офицеры»12:55Концерт «Жеңіске құрмет»14:10Кино. Олег Даль в фильме «Женя, Женечка и Катюша»15:55«Бенефис-шоу»17:15Премьера! Телесериал. «Приказ вернуться живым»18:00«Ардагерлер ардақты». Халық артисі Аликбек Днишевтің орындауындағы әндер19:00«Мен көрген соғыс»22:00«Посвящение Великой Победе». Концерт Дариги Назарбаевой23:40Кино. Николай Добрынин, Алексей Зубков, Алексей Бардуков в военной драме «Бой местного значения» 01:20Телесериал «Жас ұлан»

ҚАЗАҚСТАН

ДҮЙСЕНБІ, 4 МАМЫР

7:00«ТАҢШОЛПАН». 10:00«Апта. Kz»11:05«Айтуға оңай...» 11:45«Қыздар». Телехикая. 7-бөлім 12:30ЖАҢАЛЫҚТАР12:45«Ұлы жеңіске - 70 жыл». Арнайы тележоба 12:55«Дауа». (с субтитрами)13:25«Білгірлер бәйгесі». Интеллектуальдық сайыс14:15«Ақсауыт». Әскери-патриоттық бағдарлама 14:50«Джунгли кітабы». Мультхикая. 2-маусым. 16-бөлім 15:05«ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». Ток-шоу. Тікелей эфир 16:10«Келін». Телехикая. 1366-1367-бөлімдері 17:00Жеңіске - 70 жыл.«Елдің ерлігі». Деректі фильм. 1-бөлімі17:30ЖАҢАЛЫҚТАР17:50«ӨЗЕКЖАРДЫ»18:10«Айналайын». 3-маусым. 22-бөлім

18:50«ЗАҢ ЖӘНЕ БІЗ». Тікелей эфир 19:35ТҰСАУКЕСЕР! «ҚЫЗДАР». Телехикая. 8-бөлім20:30ЖАҢАЛЫҚТАР21:05«АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50ТҰСАУКЕСЕР! «КӨК ТАРЛАНДАР-РЫ». Телехикая. 2-маусым. 3-бөлім 22:40«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба 22:50ТҰСАУКЕСЕР! «КЕЛІН». Телехикая. 1368,1369-бөлімдері 23:40«СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?» 0:15ЖАҢАЛЫҚТАР0:50ФУТБОЛ. АҒЫЛШЫН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫ. 35 тур «ХАЛЛ СИТИ» - «АРСЕНАЛ». Тікелей эфир2:50ЖАҢАЛЫҚТАР

СЕЙСЕНБІ, 5 МАМЫР

7:00«ТАҢШОЛПАН». 10:00«Көк тарландары». Телехикая. 2-маусым. 3-бөлім. 10:50«Айтуға оңай...» 11:35«Қыздар». Телехикая. 8-бөлім 12:30ЖАҢАЛЫҚТАР12:45«Ұлы жеңіске - 70 жыл». Арнайы тележоба 12:55«SPORT.KZ» 13:15«Алаң» ток-шоуы 14:00«Сыр-сұхбат» 14:30«Айдаһар мінген шабандоздар». Мультхикая. 7-бөлім 14:55«Джунгли кітабы». Мультхикая. 2-маусым. 17-бөлім 15:05«ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». Ток-шоу. Тікелей эфир 16:10«Келін». Телехикая. 1368-1369-бөлімдері 17:00Жеңіске - 70 жыл.«Елдің ерлігі». Деректі фильм. 2-бөлімі17:30ЖАҢАЛЫҚТАР17:50«ӨЗЕКЖАРДЫ»18:10«Айналайын». 4-маусым. 1-2-бөлімдері 19:10«ҚЫЛМЫС ПЕҢ ЖАЗА»19:35ТҰСАУКЕСЕР! «ҚЫЗДАР». Телехикая. 9-бөлім 20:30ЖАҢАЛЫҚТАР21:05«АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50ТҰСАУКЕСЕР! «КӨК ТАРЛАНДАРЫ». Телехикая. 2-маусым. 4-бөлім 22:40«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба 22:50ТҰСАУКЕСЕР! «КЕЛІН». Телехикая. 1370, 1371-бөлімдері 23:40«ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:10ЖАҢАЛЫҚТАР0:45«Өзекжарды»1:05«Сыр-сұхбат» 1:35«Шарайна». Телесаяхат 2:05«Жарқын бейне» (с субтитрами)2:30«Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00ЖАҢАЛЫҚТАР

СӘРСЕНБІ, 6 МАМЫР

7:00«ТАҢШОЛПАН».10:00«Көк тарландары». Телехикая. 2-маусым. 4-бөлім 10:50«Айтуға оңай...» 11:35«Қыздар». Телехикая. 9-бөлім 12:30ЖАҢАЛЫҚТАР12:45«Ұлы жеңіске - 70 жыл». Арнайы тележоба 12:55«Заң және біз»13:35«Қылмыс пен жаза»14:00«Поэзия әлемі»14:30«Айдаһар мінген шабандоздар». Мультхикая. 8-бөлім 14:55«Джунгли кітабы». Мультхикая. 2-маусым. 18-бөлім 15:05«ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». Ток-шоу. Тікелей эфир 16:10«КЕЛІН». Телехикая. 1370,1371-бөлімдері 17:00Жеңіске - 70 жыл.«Елдің ерлігі». Деректі фильм. 3-бөлімі17:30ЖАҢАЛЫҚТАР17:50«ӨЗЕКЖАРДЫ»18:10«Айналайын». 4-маусым. 3-4-бөлімдері 19:10«ҚУАТТЫ ӘСКЕР – ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» 19:35ТҰСАУКЕСЕР! «ҚЫЗДАР». Телехикая. 10-бөлім 20:30ЖАҢАЛЫҚТАР21:05«АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50ТҰСАУКЕСЕР! «КӨК ТАРЛАНДАРЫ». Телехикая. 2-маусым. 5-бөлім 22:40«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба 22:50ТҰСАУКЕСЕР! «КЕЛІН». Телехикая. 1372, 1373-бөлімдері 23:40«ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:15ЖАҢАЛЫҚТАР0:45«Өзекжарды»1:10«Ұлт мақтанышы». Деректі фильм1:40«Ас болсын!» 2:25«Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00ЖАҢАЛЫҚТАР

БЕЙСЕНБІ, 7 МАМЫР 2015 ЖЫЛ

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

7:00«ТАҢШОЛПАН».10:00«Көк тарландары». Телехикая. 2-маусым. 5-бөлім 10:50«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба 11:00ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ПАРАДЫ. Тікелей трансляция

12:00«Ұлттық шоу»13:00«Ұлы жеңіске - 70 жыл». Арнайы тележоба 13:10«Агробизнес» (с субтитрами)13:30«Қазақтың Бауыржаны». Деректі фильм («Қазақфильм», 2010 ж.)13:50«Ер Төстік және Айдаһар». Мультфильм («Қазақфильм», 2013 ж.)15:05«ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». Ток-шоу. Тікелей эфир 16:05«Азаматым-айбыным» мерекелік концерт (2014 ж.)17:00Жеңіске - 70 жыл.«Елдің ерлігі». Деректі фильм. 4- бөлімі17:30ЖАҢАЛЫҚТАР17:50«ӨЗЕКЖАРДЫ»18:10«Қазақстан менің жүрегімде». ҚР ІІМ Ішкі әскерлерінің орталық оркестрі және ән-би ансамблінің Гала- концерті (2013 ж.)19:35«АЙТУҒА ОҢАЙ...» 20:30ЖАҢАЛЫҚТАР21:05«ҚУАТТЫ ӘСКЕР – ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» 21:30ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ПАРАДЫ. Арнайы хабар22:35ТҰСАУКЕСЕР! «КӨК ТАРЛАНДАРЫ». Телехикая. 2-маусым. 6-бөлім 23:25«ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00ЖАҢАЛЫҚТАР0:30«Өзекжарды»0:50«Қазақтың Бауыржаны». Деректі фильм («Қазақфильм», 2010 ж.)1:25Патриоттық әндер2:00«Мәлім де беймәлім Қазақстан»2:30«Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖҰМА, 8 МАМЫР

7:00«ТАҢШОЛПАН». 10:00«Көк тарландары». Телехикая. 2-маусым. 6-бөлім 10:55«Айтуға оңай...» 11:40«Қыздар». Телехикая. 10-бөлім 12:30ЖАҢАЛЫҚТАР12:40«ИМАН АЙНА-СЫ» 13:05«Көкпар». Ұлттық ойын 13:50«Отан үшін отқа түскендер» Деректі фильм 1-бөлім14:15«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба 14:25«Айдаһар мінген шабандоздар». Мультхикая. 9-бөлім 14:45«Баламен бетпе-бет»15:05«ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». Ток-шоу. Тікелей эфир 16:00Н.Тілендиевтің туғанына 90 жыл.«Алатаудай асқақ, Сарыарқадай дархан». Арнайы тележоба17:00Жеңіске - 70 жыл.«Елдің ерлігі». Деректі фильм. 5-бөлімі17:30ЖАҢАЛЫҚТАР17:50«ӨЗЕКЖАРДЫ»18:10«Дарига, сол қыз...». Арнайы тележоба (2011 ж.) 19:05«МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» (с субтитрами) 19:35ТҰСАУКЕСЕР! «ҚЫЗДАР». Телехикая. 11-бөлім 20:30ЖАҢАЛЫҚТАР21:05«АЙТУҒА ОҢАЙ...» 22:25«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба 22:35Қуандық Қыстықбаев, Александр Лыков, Александр Петров «Қасым» телехикаясында. 1-2-бөлімдері 0:30ЖАҢАЛЫҚТАР1:05Б.Ержанов, Н.Сергиевская, Н.Ықтымбаев «Орман хикаясы» әскери драмасында

2:35«Иман айнасы» 3:00ЖАҢАЛЫҚТАР

СЕНБІ, 9 МАМЫР 2015 ЖЫЛ

ЖЕҢІС КҮНІ

7:00Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт8:10«Қымызхана» 7-хабар (2007 ж.)8:40«АГРОБИЗНЕС» (с субтитрами)9:00«СЕНБІЛІК ТАҢ». Ақпаратты-сазды бағдарлама 10:05«ДАУА» (с субтитрами)10:40«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба 10:55«Жеңісті жақындатқандар». Деректі фильм 2-бөлім11:30«Ұлттық шоу» 12:20«Батыр Бигельдинов» Деректі фильм12:50«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба 13:00«БІЛГІРЛЕР БӘЙГЕСІ». Интеллектуальдық сайыс13:45«Дарига, сол қыз...». Арнайы тележоба (2011 ж.) 14:40Қуандық Қыстықбаев, Александр Лыков, Александр Петров «Қасым» телехикаясында. 1-2-бөлімдері

16:35«Біз соғысты көрген жоқпыз». Арнайы тележоба (2014 ж.)17:00Жеңіске - 70 жыл.«Елдің ерлігі». Деректі фильм. 6-бөлімі17:30ЖАҢАЛЫҚТАР17:50«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба 18:00«ТЕКПІ ҚАЗАҚ, «ТЕМІР» ГЕНЕРАЛ». Арнайы тележоба 18:30«ӨЗІНДІ АҢСАП». Саят Медеуовтің ән кеші20:15«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба 20:30ЖАҢАЛЫҚТАР21:00«ШЫН ЖҮРЕКТЕН!» Мерекелік концерт22:35Қуандық Қыстықбаев, Александр Лыков, Александр Петров «Қасым» телехикаясында. 3-4-бөлімдері 0:30ЖАҢАЛЫҚТАР1:05«Текті қазақ, «Темір» генерал». Арнайы тележоба 1:35А.Темирова, М.Яковлева, В.Глаголева «Мергендер» драмасында 3:15ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖЕКЕСЕНБІ, 10 МАМЫР

7:00Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт8:00«Қымызхана» 8-хабар (2007 ж.)8:30«АҚСАУЫТ» Әскери-патриоттық бағдарлама (с субтитрами)9:00«БҮГІН ЖЕКЕСЕНБІ». Таңғы ақпаратты-танымдық бағдарлама. Тікелей эфир10:30«БАЛАМЕН БЕТПЕ-БЕТ» 10:50Мультфильм11:00«Айгөлек». Концерт 11:50«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба («Берлин операциясы»)

12:00«КЕЛБЕТ» (с субтитрами)12:30«ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН ҰЛЫ ЖЕҢІС» Республикалық ақындар айтысы. 1-бөлім (Атырау)14:30«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба 14:40Қуандық Қыстықбаев, Александр Лыков, Александр Петров «Қасым» телехикаясында. 3-4-бөлімдері 16:35Әскери әндер 17:30Жеңіске - 70 жыл.«Елдің ерлігі». Деректі фильм. 7-соңғы бөлімі18:00«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба 18:15Жеңіске - 70 жыл.«КҮТКЕН КҮН!». Концерт-спектакль19:45«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба 20:00«АПТА. KZ» 21:05«ӘЗІЛ ӘЛЕМІ» 23:15«АЛАҢ» ток-шоуы 0:05«ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ». Арнайы тележоба 0:20Наталья Аринбасарова, Виктор Авдюшко, Иван Дмитриев «Мәншүк туралы дастан» драмасында1:45«КӨКПАР».

БОРОДУЛИХА АУДАНЫ БОРОДУЛИХА АУЫЛДЫҚ ОҚРУГІ БОРОДУЛИХА АУЫЛЫНЫҢ СЕВЕРНЫЙ КӨШЕСІ БОЙЫНША ШЕКТЕУ ІС-ШАРАЛАРЫН ЕНГІЗЕ ОТЫРЫП ВЕТЕРИНАРЛЫҚ РЕЖИМ БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Заңының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына, Бородулиха ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 248 ұсынысына сәйкес, Бородулиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Бородулиха ауданы Бородулиха ауылдық округінің Бородулиха ауылының Северная көшесі бойынша шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринарлық режим белгіленсін.
- «Қазақстна Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Бородулиха ауданының аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Т.Қадыровка, сонымен қатар «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқығын қорғау комитеті Шығыс Қазақстан облысы Тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің Бородулиха аудандық тұтынушылардың құқығын қорғау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының м.а. М.Б. Асабаеваға тиісті іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу ұсынылсын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.А.Нұрғожинға жүктелсін.
- Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Г.АКУЛОВ

Келісілді:

Т.ҚАДЫРОВ,

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Бородулиха ауданының аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы 2015 жыл

«__»____

М.Асавбаева,

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті

Шығыс Қазақстан облысы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Бородулиха аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы Республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының м.а. 2015 жыл «__»____

ТҮЗЕТУ

«Аудан тынысы» газетінің 2015 жылғы 24 сәуірде шыққан №35 (544) санындағы ШҚО Бородулиха ауданы әкімінің «Жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайды жариялау туралы» 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 3 шешіміндегі 1 тармағы төмендегідей оқылсын: Бородулиха ауданының келесі ауылдық округтерінде жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай жариялансын:

- Переменовка ауылдық округі
- Новодворовка ауылдық округі

Аудан әкімінің 2015 жылғы «__»____№ ____ шешіміне қосымша

Бородулиха ауданының зиян келтірілген объектілерін тексеру бойынша жұмыс комиссиясының құрамы

Болат Құсайынұлы Аргумбаев аудан әкімінің орынбасары, төраға
Эльдар Төлегенұлы Қоңырбаев аудан әкімі аппаратының АҚ және ТЖ жөніндегі бас маман, комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері

Руслан Марватжанович Абдрахманов ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімінің басшысы
Қуаныш Сембайұлы Ризин, ауданның ТЖБ бастығы
Асқар Тұмарбек, аудан әкімі аппаратының заң бөлімі басшысының м.а.
Наталья Владимировна Гузеева ауданның экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің бас маманы
Юлия Валерьевна Сутормина ауданның қаржы бөлімінің басшысы
Арман Жабайханұлы Тұрлыбеков Переменовка ауылдық округінің әкімі
Камилаев Аманғали Қасымханұлы Новодворовка ауылдық округінің әкімі

РОССИЯ 1

Понедельник, 04 мая

08:40 Комедия «Мы с вами где-то встречались» 1954 г.10:35 Х/ф «Кубанские казаки» 1949 г.12:50 Х/ф «Мастер и Маргарита». (12+)17:00, 23:00 Вести17:15 Х/ф «Мастер и Маргарита» (12+)23:35 Т/с «Истребители. Последний бой» (16+)02:55 Т/с «Жизнь и судьба» (12+)04:45 Х/ф «Батальоны просят огня» 1985 г.06:10 Х/ф «Привет с фронта» 1983 г.

Вторник, 05 мая

08:00 «Утро России»12:00, 06:25 «От героев былых времен. Песни Великой Победы». (12+)12:55 «О самом главном». Ток-шоу14:00, 17:00, 20:00, 23:00 Вести14:35, 17:30, 22:35 Местное время. Вести-Москва14:55 Т/с «Тайны следствия» (12+)15:50 Т/с «Семнадцать мгновений весны» 1973 г.17:50, 20:10 Т/с «Семнадцать мгновений весны»21:15 «Прямой эфир». (12+)23:50 «Спокойной ночи, малыши!»00:00 Т/с «Истребители. Последний бой» (16+)03:15 Т/с «Жизнь и судьба» (12+)04:55 Х/ф «Батальоны просят огня» 1985 г.07:20 «Комната смеха»

Среда, 06 мая

08:00 «Утро России»12:00 «Ордена Великой Победы». (12+)12:55 «О самом главном». Ток-шоу14:00, 17:00, 20:00, 23:00 Вести14:35, 17:30, 22:35 Местное время. Вести-Москва14:55 Т/с «Тайны следствия» (12+)15:50 Т/с «Семнадцать мгновений весны» 1973 г.17:50, 20:10 Т/с «Семнадцать мгновений весны»21:15 «Прямой эфир». (12+)23:50 «Спокойной ночи, малыши!»00:00 Т/с «Истребители. Последний бой» (16+)02:15 Т/с «Жизнь и судьба» (12+)05:40 Х/ф «Батальоны просят огня» 1985 г.07:05 «Комната смеха»

Четверг, 07 мая

08:00 «Утро России»12:00, 06:55 «Знамя Победы». (12+)12:55 «О самом главном». Ток-шоу14:00, 17:00, 20:00, 23:00 Вести14:35, 17:30, 22:35 Местное время. Вести-Москва14:55 Т/с «Тайны следствия» (12+)15:50 Т/с «Семнадцать мгновений весны» 1973 г.17:50, 20:10 Т/с «Семнадцать мгновений весны»21:15 «Прямой эфир». (12+)23:50 «Спокойной ночи, малыши!»00:00 Т/с «Истребители. Последний бой» (16+)02:15 Т/с «Жизнь и судьба» (12+)05:25 Х/ф «Батальоны просят огня» 1985 г.

Пятница, 08 мая

08:00 «Утро России»11:55 Х/ф «Штурм Берлина. В логове зверя» (12+)13:05 «О самом главном». Ток-шоу14:00, 17:00, 20:00, 23:00 Вести14:35, 17:30 Местное время. Вести-Москва14:55 Т/с «Тайны следствия» (12+)15:50 Т/с «Семнадцать мгновений весны» 1973 г.17:50, 20:10 Т/с «Семнадцать мгновений весны»21:00 Х/ф «НИКА» И «ЗОЛОТОЙ ОРЕЛ». «Звезда» 2002 г. (12+)23:45 Т/с «Истребители. Последний бой» (16+)02:00 Х/ф «Россия и Китай. Сердце Евразии» (12+)02:55 Х/ф «Сталинград» 1989 г.06:55 «Комната смеха»

Суббота, 09 мая

08:10 Х/ф «Чистое небо» 1961 г.10:00 «ДЕНЬ ПОБЕДЫ». Праздничный канал13:00 МОСКВА. КРАСНАЯ ПЛОЩАДЬ. ВОЕННЫЙ ПАРАД. ПОСВЯЩЕННЫЙ 70-И ГОДОВЩИНЕ ПОБЕДЫ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ 1941 г.-1945 г.

14:15 Т/с «Истребители». (12+)17:00, 23:00 Вести18:00 «БЕССМЕРТНЫЙ ПОЛК». ШЕСТВИЕ В ЧЕСТЬ 70-ЛЕТНЕЙ ГОДОВЩИНЫ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ.20:00, 22:00 Т/с «Истребители». Продолжение. (12+)21:55 «Светлой памяти павших в борьбе против фашизма»23:30, 01:25 Х/ф «Крым. Путь на Родину» (12+)01:00 ПРАЗДНИЧНЫЙ САЛЮТ, ПОСВЯЩЕННЫЙ ДНЮ ПОБЕДЫ02:25 Т/с «Истребители». Окончание. (12+)05:40 Х/ф «Сорокапятка» 2009 г. (12+)07:20 «Комната смеха»

Воскресенье, 10 мая

08:40 Х/ф «Один из нас» 1970 г.10:40 Х/ф «Горячий снег» 1972 г.12:45, 17:20 Т/с «Людмила» (12+)17:00, 23:00 Вести19:55 «Один в один». (12+)00:10 «Воскресный вечер с Владимиром Соловьёвым». (12+)02:15 Большой праздничный концерт Дмитрия Хворостовского ПЕСНИ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ04:05 Х/ф «Командир счастливой «Шуки» 1972 г.06:15 Х/ф «Штурм Берлина. В логове зверя» (12+)07:25 «Комната смеха»

2015 жылдың 4-10 мамыры арасындағы алдағы аптаға арналған жұлдыз жорамал

Тоқты. 21.03-20.04. Тоқтылар үшін бұл кезең жиі шым-шытырық болып қабылданады. Бұл қаржылық істер мен қарым-қатынастар көптеген Тоқтылардың өмірінде үлкен маңызға ие болатын уақыт, және де сіздердің көбісіңіз банктар мен қаржылық мекемелермен істерді аса табысты жүргізе аласыз.

Торпақ. 21.04-21.05. Тоқтыларға өзінің басты мақсттарын нақты айқындап және ынта мен сезімді анағұрлым айқынырақ түсініп алу керек, себебі сіз өзіңіздің және басқалардың мүмкіндіктерін барлық жағдайда дұрыс бағалай алмайсыз, ал өмірлік қуаттың молшылығы осы кезеңде сізді біраз өз өзіңізге сенімді және өркөкірек жасауы мүмкін.

Егіздер. 22.05-21.06. Бұл көптеген Егіздер үшін қолайсыз кезең, себебі осы уақытта Сіздің энергетикаңыз тұрақсыз жағдайда болады. 8 мамырға дейін сіздердің көбісіңіз әлсіздікті сезініп, меланхолияға беріледі. Сонымен бірге Сіздің эмоциялық жағдайыңыз өзгеретін болады, сондықтан көңіл-күйдің ауысуы, психиканың реактивтілігі Сізді қарым-қатынас үшін аса қолайсыз жасау мүмкін.

Шаян. 22.06-22.07. Келе жатқан апта Сіздің психологиялық жағдайыңыз үшін аса қолайлы болмауы мүмкін, себебі Сізге, достардың, таныстардың мәселелерімен айналысып, назардың көбісін оларға аударуға тура келеді. Мұндай біраз хаостық өмір салты көптеген Шаяндарды эмоциялық қажытады.

Арыстан. 23.07-23.08. 7 мамырға дейінгі кезең Арыстандар үшін өте қолайсыз болуы мүмкін, себебі сүйікті адамдармен, басшылықпен және әріптестермен қарым-қатынстар анағұрлым шиеленісуі мүмкін. Сіздің белгіңіздегі көптеген адамдар өздерін жеткіліксіз жайлы сезінетін болады, өйткені энергоәлеуетің тұрақсыздығы Сіздің табандылығыңыз бен сенімділігіңізді азайтады. Осы уақытта Сіздің тілектеріңіз, мақсаттарыңыз өзгеруі мүмкін, Сізге айналадағылардың оймен көбірек санасуға тура келеді, бұл Сіздің менмендігіңізге қарама-қайшы болады

Бикеш. 24.08-23.09. Келесі аптада сіз айтарлықтай белсенді тілдесе, өз серіктестеріңіздің істері мен жоспарларына қатыса аласыз, бұл жаңа қарым-қатынасты құруға да, сонымен қатар ескілерін нығайтуға да көмектесетін болады. Осы уақытта Бикештер жаңа іскерлік және достастық байланыстарға шыға алады.

Таразы. 24.09-23.10. Осы кезеңде сіз физикалық тұрғыдан әлсіз, эмоциялық қажыған болуыңыз мүмкін. Бұл сіздің денсаулығыңыз, сүйіспеншілік қарым-қатынастарыңыз үшін аса жағымды уақыт емес, сондықтан басқа қиындықтармен бірге сіз қажуды, шаршауды, жүйке жүйесінің тозуын сезіне аласыз, алайда сенімді достармен тілдесу өте сәтті болады.

Сарышаян. 24.10-22.11. Сарышаяндар үшін айтарлықтай қызу кезең, осы кезде сіздің жеке өміріңізде, сүйіспеншілік және достық қарым-қатыстарда ірі өзгерістер болуы мүмкін.

Мерген. 23.11-21.12. Мергендер осы кезеңде физикалық және шығармашылық күштердің төмендеуін сезінетін болады. Осы уақытта сізге өз сезімдеріңізді, эмоцияларыңызды қадағалау, сондай-ақ жақын адамдар мен айналадағылармен қарым-қатынаста жиі кедергі болатын міншілдік және дау мен жанжалдарға бейімділікті әлсірету қажет.

Тауешкі. 22.12-20.01. Ойын-сауық пен өз дарыыңыз бен өткен байланыстарды жасампаз пайдалану туралы ұмытпай, өзіңіздің өміріңіздегі толық өзгерістерде бастау үшін жеткілікті қолайлы кезең. Айналадағылар осы тынышсыз кезеңде Тауешкілердің қатынасы мен кеңестіне қызығушылық танытады, сондықтан сіздердің көбіңіздің беделіңіз өседі.

Сукұйғыш. 21.01-19.02. Бұл көптеген Сукұйғыштардың денсаулығы мен биоэнергетикасы үшін қолайсыз кезең. Осы күндері сізге өз денсаулығыңызға көбірек назар аудару, анағұрлым тыныш еңбек пен демалыс тәртібін ұстану немесе шығармашылық демалыс алып, өзіңіздің жақын адамдарыңызға уақыт бөлу қажет. Осы уақытта сіз пәтерлік шаруалармен, үйдегі жиһаздардың орнына өзгертуді, жөндеу жұмыстарын жасауды табысты айналаса аласыз, сондай-ақ жер телімдеріне, саяжайлық құрылысқа қатысты ортақ істерді табысты жүргізе аласыз.

Балықтар. 20.02-20.03. Көптеген Балықтар үшін осы апта көңіл-күйдің кенеттен ауысуымен күңгірттенуі мүмкін: бірде жарқын оптимизм, бірде жабыңқы пессимиз Балықтардың өздерін де, сіздердің достарыңыз да абыржытады.

ЕРЛІК – ЕР АТАНДЫРАДЫ



Соғыс жылдары Қазақстанда 12 атқыштар және 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы және 50-ге жуық жеке полктер мен батальондар жасақталып, майданға аттандырылды. Қазақстан аумағында жасақталған



әскери құрылымдар соғыстың алғашқы күндерінен бастап жаумен ерлікпен шайқасты. Әсіресе, Мәскеу түбіндегі шайқаста қазақстандықтар үлкен құрметке ие болды. Мәскеу бағытындағы негізгі жолдардың бірі – Волоколамск тас жолын қорғауда Алматыда жабдықталған 316-атқыштар дивизиясы теңдесі жоқ ерлік танытты. Бұл дивизияны генерал-майор И.Панфилов басқарды. Қысқа уақыт ішінде дивизия жауынгерлері жаудың танк, моторлы және екі жаяу әскер дивизияларын талқандады. Мәскеу түбіндегі шайқаста, әсіресе, саяси жетекші В.Клочков басқарған бөлімше – 28 панфиловшылар жаудың

50 танкісіне тойтарыс беріп, асқан ерлік көрсетті. 1941 жылы 17 қарашада дивизияға 8-ші гвардиялық деген атақ беріліп, кейінірек

Қызыл Ту, Ленин ордендерімен, ал Риганы жаудан азат еткені үшін екінші дәрежелі Суворов орденімен марапатталды. Бұл шайқаста ерлік танықтан 28 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Сонымен бірге Волоколамск түбінде үлкен ерлік көрсетіп қаза тапқан талантты қолбасшы, қаһарман командир И.Панфиловке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Панфиловшы аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Мәскеу түбіндегі шайқаста өз батальонымен жау қоршауын үш рет бұзып шықты. Соғысты Бауыржан Момышұлы полковник лауазымымен, 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып аяқтады. Белгілі орыс жазушысы А.Бектің "Волоколамское шоссе" повесі Б.Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігіне арналды. Сөйтсе де, Б.Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігі өз дәрежесінде мойындалмай, тек 1990 жылы еліміздің Президенті Н.Назарбаевтың тікелей араласуымен оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

И.Панфилов дивизиясы құрамында жаумен шайқасқан М.Ғабдуллин 1943 жылы Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. М.Ғабдуллин бастаған жауынгерлер Бородино селосын жаудан тартып алып, 7 сағат бойы ерлікпен қорғады. Шайқас нәтижесінде немістер шегінуге мәжбүр болды. Мәскеу түбіндегі шайқастарда Т.Тоқтаров, Р.Жанғозин, Р.Елебаев және тағы басқа қазақстандықтар асқан ерлік танытты. Бұл шайқасқа қазақстандық 238-ші дивизия, 19-шы атқыштар бригадасы да қатысты.

1942 жылдың 19 желтоқсанында Боковская-Пономаревка ауданында болған әуе шайқасында қарағандылық ұшқыш Н.Әбдіров өзінің оқ тиіп өртенген ұшағын жау танктері шоғырланған жерге бағыттап, экипажымен бірге ерлікпен қаза тапты. Н.Әбдіров, минометші К.Сыпатаев пен Р.Рамазанов Сталинградты қорғаудағы ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Сталинград қаласын жаудан қорғауда ерлік танытқан қазақстандықтар құрметіне сол қалада "Казахстанская" деп аталған көше бар.

Курск иіні мен Днепр шайқастарына көптеген қазақстандық әскери құрылымдар қатысты. Тек Курск иініндегі шайқастағы ерлігі үшін 123 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

Шығыс Еуропаны жаудан азат етуде қазақстандықтар үлкен ерлік көрсетті. Шығыс Пруссия территориясын азат етуде көрсеткен ерліктері үшін 20 қазақстандық жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Словакия территориясын жаудан азат етуге 4-ші Украина майданы құрамында қазақстандық 8-ші атқыштар дивизиясы қатысты. Майданда көрсеткен ерліктері үшін 8-ші атқыштар дивизиясының

құрамындағы 62-ші артиллериялық Карпат полкі Қызыл Ту орденімен, 151-ші Карпат полкі 3-ші дәрежелі Кутузов орденімен, 310-шы атқыштар полкі 3-ші дәрежелі Суворов орденімен марапатталды. 72-ші және 73-ші гвардиялық атқыштар дивизиялары Венгрия, Оңтүстік Чехия, Австрия жерлерін жаудан азат етуге қатысты. Австрия астанасын жаудан азат етуде алматылық М.Пупков Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Сонымен қатар Австрияны азат етуші 105-ші гвардиялық дивизия жауынгерлері: А.Мудрагель, Г.Сливных, Ж.Аминов қаһармандықтарымен көзге түсті.

Прага операциясына 118, 88, 314, 8-ші атқыштар, 72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы қатысып, бұл операцияда 992-ші алматылық авиация полкі асқан ерлік көрсетті. Бұл полк екінші дәрежелі Б.Хмельницкий және 3-ші дәрежелі Суворов ордендерімен үш мәрте марапатталды. 992-ші полк 7642 рет жауға шабуыл жасап, 816 бомба тастап, 3 ұшақты, 19 зенитті батареяны, 1000 автомашина, 2 көпірді және тағы басқа объектілерді жойды. Прага операциясы барысында 52-ші армия құрамындағы алматылық 556-ші эскадрилья ерлікпен көзге түсті. Бұл эскадрилья тұтқиылдан 4050 шабуыл жасап, жау шебін 2350 мәрте бомбалаған. Құрамындағы 14 адамның 10-ы үкімет тарапынан марапатталады.

Чехословакия жерін азат етуге келген қазақстандық ұшқыштар 2, 8,

келеді. Соғыстан кейін А.Нақыповтың танкісі қала алаңына ескерткіш ретінде қойылды. Берлин операциясында 27 қазақстандық ерліктерімен көзге түсіп, Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді.

Қазақ қыздары да соғыс ауыртпалығын ер азаматтармен бірдей көтерді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап соғысқа сұранып, әскери комиссариаттарға хат жазған қазақ қыздары өте көп болды. Мысалы, Қарағандының әскери комиссариатына соғысқа сұранып өтініш жазған арулар саны 10 мыңнан асқан. Семей қаласы бойынша соғыстың алғашқы күндерінде 3 мың өтініш түскен. Ал, Алматы қаласының тек Фрунзе ауданы бойынша 112 өтініш түсті. Майданға аттанған әйелдер мен қыздардың көбі медсанбаттар мен госпитальдарда борышын өтеген. Қазақ арулары түрлі әскери құрамаларда болып, ерен ерлік үлгісін көрсетті. Қолдарына қару алып, майданға аттанған қазақ жұлдыздары - Әлия мен Мәншүк Қазақстан даңқын әлемге паш етті. Авиация саласын меңгерген қазақ қызы - Хиуаз Доспанова авиация штурманы болып 300-ден астам мәрте әуеге көтерілді. 2004 жылы Президенттің жарлығымен Хиуаз Доспановаға Халық Қаһарманы атағы берілді. Сафарбекова Жауһария Насырқызы Ленинград майданында қалалық радиостанция бастығы болып, асқан ерлігімен көзге түскен. 1942 жылы Қазақстанда құрылған 34-жеке әйелдер ротасының 300-ге тарта аруы Курск иініндегі шайқасқа қатысып, бірнеше марапаттарға ие болды.

Қазақстандықтар жау тылындағы партизан қозғалысына да белсене қатысты. Украина аумағындағы партизан бірлестіктерінде 1500 қазақстандық жаумен шайқасты. Атап айтсақ, М.Шукаевтың партизан



жасағы құрамында 79 қазақ, Ұлы Отан соғысының Батыры С.Ковпактың партизан жасағы 70 қазақстандық болды. Ленинград облысы аумағындағы партизан бірліктері құрамында 220, ал Белоруссияда 1,5 мыңға тарта қазақстандық партизан жасақтарында жүріп жаумен шайқасты. Қазақстандық партизандар жаумен шайқаста үлкен ерлік танытты. Мысалы, 1941 жылы Киев облысы, Македон селосында жасырын партизан орталығы құрылады. Бұл орталыққа соғысқа дейінгі жылдары Павлодар облысында оқытушы қызметін атқарған Қасым Қайсенов коммунистік жолдамамен жіберіледі. 1942 жылы Қ.Қайсенов Чапаев атындағы партизан отрядтарының командирі болып сайланып, Украина жеріндегі жаумен шайқаста үлкен ерліктер көрсетті. Қ.Қайсеновпен қатар Украинада Қарағанды облысынан Д.Сағаев, Талдықорған облысынан П.Шленский, Қызылордадан – Байдаулетов, Шымкент облысынан – Ж.Омаров, алматылық – А.Егоров және тағы басқа қазақстандық сарбаздар әртүрлі партизан құрылымдары қатарында шайқасты. Отанын қорғаудағы асқан ерлігі үшін Қасым Қайсеновке "Халық Қаһарманы" атағы берілді.

Белоруссия жерін жаудан азат етуге де қазақстандық партизандар үлкен үлес қосты. Тек 1941 жылы Брест облысындағы Старосельск орманында 9 қазақстандық партизан жаумен шайқасты. Белоруссияда ерлікпен шайқасқан отандас партизандар: Ф.Озмитель, Ф.Омаров, Н.Қайсенова, Н.Салықов, Х.Исмағұлов, Н.Сыдықова, М.Стрельников, И.Булаев, И.Данияров, И.Ерещенко, К.Темірханов, Е.Балабеков, Т.Жұмабаева және тағы басқалар.

Смоленск облысында құрылған партизан бірлестіктерінің құрамы 45 ұлт өкілінен тұрды. Соның ішінде 2-Кляжнинск партизан бригадасында 19, С.Лазо атындағы партизан полкінде 40, "Тринадцать" деп аталатын ерекше партизан бірлестігі құрамында 48 қазақстандық болды. Смоленск облысында қазақстандық партизандар А.Шәріпов, Ж.Ағаділов, И.Өтебаев, М.Мұқанов, А.Төлегенов, Қ.Ахметов және басқалар ерлікпен көзге түсті.

Жаумен шайқаста көрсеткен ерліктері үшін қазақстандық партизандар әртүрлі мемлекеттік марапаттарды иеленді. А.Егоров пен Ф.Озмительге Кеңес Одағының Батыры атақтары берілді.

Кеңестер Одағының құрамдас бөлігі ретінде жаумен шайқаста қазақстандықтар үлкен ерлік көрсетіп, жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосты. Майдандағы ерлігі үшін 520 қазақстандықтың, оның ішінде 100-ден астам қазақтың Кеңес Одағының Батыры атағын алуы – ортақ Отанын қорғауда қазақ ұлтының суырылып алға шыққанын көрсетеді.

Д.ЖЕКСЕКЕНОВ,
аудандық сот төрағасы

«Аудан тынысы» - «Пульс района» ЖШС-нің басқарушы органы «ШҚО ішкі саясат басқармасы» ММ болып табылады	Директор - бас редактор Екатерина БОЙЧЕНКО	Газет аптасына 2 рет шығады. Жарияланған материалдардағы деректердің дәлдігі үшін автор жауап береді. Басылған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарнама мен хабарламаның дәлдігі үшін редакция жауап бермейді.
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, аудандық «Аудан тынысы» - «Пульс района» газеттерін тіркеу туралы N 12375-Г куәлік (05.03.2012) берілген	Директор-бас редактордың орынбасары, Мейрамгүл АТАЕВА E-mail: borodulihapuls@mail.ru	Редакцияның мекен-жайы: 070400, ШҚО Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік к. N 69 Тел/факс 8(72351) 2 16 60 ТАП: 5807 Таралымы 3080, оның ішінде «Аудан тынысы» 580
		Газет "Шығыс-Ақпарат" ЖШС-нің баспаханасында басылады. Өскемен к., Космическая к. 6/3 Көлемі: 2 баспа табак